Мусина Асель Аскаровна, математика пәні мұғалімі, санаты жоқ. 2024 ж. 02 қыркүйегінде, бұйрық № 63 “педагог-модератор” санаты берілді.

10-11 сыныптар бойынша жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -61,53 %

2024-2025 оқу жылында мектептің бастауыш білім беру саласында 17 педагог қызмет етті.

1 “а” сыныбының мұғалімі **Досумова Айтжан Каратаевна**, педагог-зерттеуші, 2020 ж. 28 тамыздағы № 375 Бұйрығымен “педагог-зерттеуші” санаты берілген. Жұмыс өтілі 41 жыл. 2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін жарамды. Аттестаттаудан бас тарту өтінімі қосымшада берілген.

1 “б” сыныбының мұғалімі **Нуртазина Сауле Ерболовна**, жұмыс өтілі 19 жыл, санаты жоқ. Сауле Ерболовна еңбек жолын Павлов негізгі мектебінде 2005 жылы бастады. Психолог, өзін-өзі тану пәнін жүргізді, мектеп директоры

лауазымын 9 жылға жуық уақыт атқарды. 2002 ж. ол “Педагогика және бастауыш әдістемесі” мамандығы бойынша Қостанай әлеуметтік академиясын тәмамдады, диплом бойынша “бастауыш кластар мұғалімі” біліктілігі берілді. 2021 ж. 01 наурызда № 1 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне бастауыш сынып мұғалімі ретінде ауыстырылды (Бұйрық № 16, 2021 ж. 01.03). Сынып санының қысқаруына байланысты 2023 ж. 07 тамызында № 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне ауыстырылды. Бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі өтілі төрт жылға жуық. 2024 ж. 02.09 Бұйрық № 218 Сауле Ерболовнаға “педагог-модератор” санаты берілді. 2024 ж. “Педагогикалық білім” мамандығы бойынша магистр дәрежесі берілді.

2 “а” сыныбының мұғалімі **Байболова Аягоз Кайбаровна**, білімі жоғары, педагогикалық жұмыс өтілі 14 жыл. Мектепке Аягоз Кайбаровна бастауыш сынып мұғалімі ретінде 2023 ж. 01 тамызы қабылданды (Бұйрық № 32, 2023 ж. 01.08). Аягоз Кайбаровна 2009 ж. Қостанай педагогикалық колледжін “Бастауыш білім беру” мамандығы бойынша бітіріп шықты да, оған “бастауыш мектептің шет тілі (ағылшын) мұғалімі біліктілігі берілді. Осы мамандығы бойынша Аягоз Кайбаровнаның 8 жылдық жұмыс өтілі бар және бастауыш сыныптарда ағылшын пәнінің мұғалімінің “педагог-модератор” санаты бар (2019 ж. 14.06 № 90 Бұйрығымен берілген, Суворов ЖББМ). Өз сыныбындағы сабақтарға қосымша 3а, 4а бастауыш сыныптарда Аягоз Кайбаровна ағылшын пәні сабақтарын жүргізеді. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша санаты жоқ. 2012 ж. Аягоз Кайбаровна “Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі” бакалавры мамандығы бойынша Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетін тәмамдады. Дегенмен бастауыш сынып мұғалімі болып от 2023 ж. 01 тамызынан бастап қызмет атқарып жатыр (Бұйрық № 32, 2023 ж. 01.08). Мамандығы бойынша **жұмыс өтілі 2 жылға жетпеуіне** байланысты, ол перспективті жоспарға сәйкес 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтуді жоспарлап отыр.

2 “б” сыныбының мұғалімі **Заскалько Елена Васильевна**, бастауыш сынып мұғалімі, өтілі 37 жыл, педагог-зерттеуші, 2024 ж. 06 қыркүйегінде № 63 Бұйрығы негізінде **педагог-зерттеуші** санатын растады.

3 “а” сыныбының мұғалімі **Султангазина Жанар Кумаровна**, білімі: арнайы орта, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай Аймақтық университетінде сырттай оқуда, 2025 ж, маусым айында тәмамдайды. Санаты жоқ. Жұмыс өтілі **1 жыл 7 ай**.

3 “б” сыныбының мұғалімі **Мозер Ирина Николаевна** - жұмыс өтілі 36 жыл, педагог-зерттеуші. 2021 ж. 24 желтоқсандағы № 627 бұйрығы негізінде педагог-зерттеуші біліктілік санаты бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша берілді. Күәлік 2027 ж. 01 қаңтарға дейін жарамды.

4 “а” сыныбының мұғалімі **Жаныбекова Жибек Казиевна** - бастауыш сынып мұғалімі, өтілі 30 жыл, педагог-зерттеуші, 2024 ж. 06 қыркүйегінде № 63 Бұйрығы негізінде педагог-зерттеуші санаты берілді.

4 “б” сыныбының мұғалімі **Мишура Анна Сергеевна**, бастауыш сынып мұғалімі, "Зерек колледжі" жеке мекемесін 2016 жылы тәмамдады, білімі арнайы орта, бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша санаты “педагог-модератор” санаты берілді (2020 ж. 15.12 Бұйрық № 137) .

Мишура Анна Сергеевна қазақ сыныптарында орыс тілін жүргізеді.

Білімі жоғары. Екінші мамандығы: 45.03.01 “Филология” бакалавры, ЖББ ФМБББҰ “Челябі мемлекеттік университеті” Республикалық мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығы бар, ҚР БЖҒ министрлігінің Болон процессінің орталығы мен академиялық жылдамдығы, күәлік № №0040821, берілген мерзімі: 14.04.2021 ж. (білім туралы дипломның түпнұсқасымен бірге және нотариалды күәлендірілген аудармасымен қоса жарамды).

Орыс тілі мен әдебиеті маманы лауазымы бойынша “педагог-модератор” санаты берілді (2024 ж. 02.09, Бұйрық № 218).

Сонымен бірге бастауыш сыныптарда пән мұғалімдері де жұмыс істейді:

Муканова Жансулу Ерековна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, бастауыш сыныптарда Жұмыстық оқу жоспары негізінде орыс сыныптарында қазақ тілі пәнін жүргізеді. Жансулу Ерековнаға 2013 ж. 21 мамыры академик 3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының № 186 хаттама негізінде “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі берілді. Мектепте негізгі лауазымы әлеуметтік педагог, тек 2022 ж. 16.08 № 100 Бұйрығымен Жансулу Ерековнаға орыс сыныптарында қазақ тілі пәнін жүргізу жүктелді. Санаты жоқ. Перспективалық жоспарға сай Муканова Ж.Е. 2025-2026 оқу жылы аттестаттаудан өтуге міндеттелді.

Есентемирова Айнагуль Асхатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі 3 “б” сыныбында ЖОЖ сәйкес қазақ тілі орыс сыныптарында пәнін жүргізді. 11 жыл жұмыс өтілі, санаты: педагог-эксперт. 2024 ж. 06 қыркүйегінде № 63 Бұйрығы негізінде **педагог-зерттеуші** санаты берілді.

Утегенова Гуля Жукуновна, ағылшын пәні мұғалімі, білімі жоғары, “педагог-зерттеуші. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-зерттеуші” санаты берілген. 2024 ж. 06.09. № 63 бұйрығымен ағылшын пәні мұғалімі лауазымы бойынша “**педагог-сарапшы**” санаты берілген.

Жакашова Рысалды Кабдуллиновна, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, жұмыс өтілі 40 жылдан астам. Санаты: “педагог-сарапшы”. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-сарапшы” санаты берілген. Зейнет жасқа келуіне байланысты, әрі қарай аттестаттаудан өтуден бас тартқаны туралы өтініш тапсырды.

Гаубрих Светлана Оттовна, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-эксперт. “педагог-эксперт” санаты берілді, 2025 ж. 01 қыркүйегіне дейін

жарамды. Зейнеткерлікке 2 жыл қалуына байланысты аттестаттаудан бас тартуы туралы өтінім берді, қосымшада берілген.

Алимбаев Килимкан Касымканович, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-модератор, 02.09.2024 № 218 бұйрығы негізінде берілді.

Оспанов Алмаз Рамазанович, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-модератор. 2025 ж. перспективалық жоспарға сәйкес растау процедурасынан өтуде.

Турегельдина Бағыткуль Ахметқалиқызы, информатика пәнін жүргізеді, білімі арнайы орта, мамандығы “информатика және есептеу техникасы пәнінің мұғалімі”, санаты жоқ.

Мырзабай Нұршат Мақсатқызы бастауыш сыныптарда ағылшын пәнін жүргізеді. Білімі: 2021 жылы Шерхан Мұртаза халықаралық Тараз инновациялық институты 7M01701 "Шет тілі: екі шет тілі" Педагогика ғылымдарының магистрі “ дәрежесі бар. Жұмыс өтілі 4 жыл, ағылшын пәні бойынша санаты жоқ.

2024-2025 оқу жылындағы бастауыш білім беру педагогтарының сапалық құрамы

Жалпы педагогтер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз
17	5	3	4	5

2024-2025 оқу жылының бастауыш сыныптарындағы 17 педагогтың ішіндегі жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан кадр сапасының үлесі- 47,06 %.

2024-2025 оқу жылында 5-9 сыныптарында сабақ беретін мұғалімдер саны - 19 педагогтердің санаттарға бөлінуі:

“Педагог-зерттеуші” санаты бар 2 педагог.

Амрина Аклима Алпамышевна, тарих пәнінің мұғалімі, жұмыс өтілі 38 жыл. 2020 ж. 28 тамызы № 375 Бұйрығымен “педагог-зерттеуші” санаты берілген. 2025 ж. аттестаттаудан өтуде. 30 жылдам астам өтілі бар болуына байланысты МББ тапсырудан босатылған.

Есентемирова Айнагуль Асхатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі 3 “б” сыныбында ЖОЖ сәйкес қазақ тілі орыс сыныптарында пәнін жүргізді. 11 жыл жұмыс өтілі, санаты: педагог-эксперт. 2024 ж. 06 қыркүйегінде № 63 Бұйрығы негізінде **педагог-зерттеуші** санаты берілді.

“Педагог-сарапшы” санатары бар 7 педагог:

Утегенова Гуля Жукуновна, ағылшын пәні мұғалімі, білімі жоғары, “педагог-зерттеуші. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-

зерттеуші” санаты берілген. 2024 ж. 06.09. № 63 бұйрығымен ағылшын пәні мұғалімі лауазымы бойынша “педагог-сарапшы” санаты берілген.

Жакашова Рысалды Кабдуллиновна, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, жұмыс өтілі 40 жылдан астам. Санаты: “педагог-сарапшы”. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-сарапшы” санаты берілген. Зейнет жасқа келуіне байланысты, әрі қарай аттестаттаудан өтуден бас тартқаны туралы өтініш тапсырды.

Гаубрих Светлана Оттовна, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-эксперт. “педагог-эксперт” санаты берілді, 2025 ж. 01 қыркүйегіне дейін жарамды. Зейнеткерлікке 2 жыл қалуына байланысты аттестаттаудан бас тартуы туралы өтінім берді, қосымшада берілген.

Капышева Канат Есетовна, биология пәнінен “педагог-сарапшы” (27.12.2019 ж № 398 Бұйрығы), химия пәнінен - “педагог-модератор” (29.08.2020 ж, № 152 бұйрығы) санаты бар. Канат Есетовна 2025 ж. 24 сәуірінде МББ тестілеуінен өтті, енді аттестаттау рәсімінен өтуге дайындалуда.

Токмурзов Алибек Маралбекович, тарих пәні мұғалімі, жұмыс өтілі 7 жыл. 18.12.2020 ж., № 343 бұйрығы негізінде “педагог-сарапшы” санаты берілді. Аттестаттаудан 2026 жылы өтеді.

Нурмагамбетова Зияш Какимбековна, физика пәнінің мұғалімі. 2024 жылғы 02 қыркүйегінде шығарылған № 279 бұйрығына сәйкес “педагог-сарапшы” санаты берілген.

Нуржанова Асыл Сапарбековна қоса атқарушы маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. Кумажанова А.Б. декреттік демалысы уақытына жұмысқа қабылданған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері лауазымы бойынша педагог - сарапшы” санаты берілген (31.12.2020 ж., №138 бұйрығы). Санаты есептелмейді, қоса атқарушы маман болуына байланысты.

Модераторлар саны 5,

Жұмашев Абай Серікұлы, физика пәнінің және Жаһандық құзыреттіліктер пәнінің мұғалімі. Физика пәні бойынша педагог-модератор, 02.09.2024 ж, №218 бұйрығы, өтілі 8 жыл.

Алимбаев Килимкан Касымканович, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-модератор, 02.09.2024 № 218 бұйрығы негізінде берілді.

Мишура Анна Сергеевна қазақ сыныптарында орыс тілін жүргізеді.

Білімі жоғары, мамандығы: 45.03.01 “Филология” бакалавры, ЖББ ФМБББҰ “Челябі мемлекеттік университеті” Республикалық мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығы бар, ҚР БЖҒ министрлігінің Болон процессінің орталығы мен академиялық жылдамдығы, күәлік № №0040821, берілген мерзімі: 14.04.2021 ж. (білім туралы дипломның түпнұсқасымен бірге және нотариалды күәлендірілген аудармасымен қоса жарамды).

Орыс тілі мен әдебиеті маманы лауазымы бойынша “педагог-модератор” санаты берілді (2024 ж. 02.09, Бұйрық № 218).

Абильдаева Эльмира Тургыновна - музыка пәнінің мұғалімі, қоса атқаратын педагог, “мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының музыкалық жетекшісі лауазымы бойынша “педагог-модератор” санаты бар. Бірақ қоса атқарушы маман болуына байланысты есептелмейді.

Кишкентаева Акмарал Даулетовна, математика пәнінің мұғалімі, білімі жоғары, математика бакалавры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін 2022 жылы тәмамдады, жұмыс өтілі 2,7 ж. Педагог-модератор санаты 30.09. 2024 ж № 222 бұйрығы негізінде берілді.

Санаты жоқ педагогтер саны - 5.

Жакантаев Нурлан Куттыбаевич - технология пәнінің мұғалімі, өтілі: 11 жыл.

01.09.1994-24.06.1996 - Жетыколь педучилищесінде оқыған уақыты.

1996 жылдың 15 тамызы № 34 Бұйрық негізінде № 1 Ұзынкөл орта мектебіне жұмысқа орналасты. 2003 ж. 20 қаңтарда жұмыстан кетті (Бұйрық № 21, 20.01.2003 ж.).

2004 ж. 04 ақпанынан (Бұйрық № 226, 05.02.2004 ж.) бастап ҚР шекаралық қызметінде әскері қызмет атқарды. Әскери қызметі 2019 ж. 20 желтоқсанында аяқталды (Бұйрық № 275, 20.12.2019).

2020 ж. 07 ақпаны педагогикалық қызметке қайта оралды, № 1 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне әлеуметтік педагог лауазымына жұмысқа орналасты. 2021 ж. 02 тамызы, жұмыстан босатылды, № 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне технология пәні лауазымына жұмысқа орналасты.

Жалпы педагогтік өтілі (2025 ж. мамырдың 01 есепке алғанда) 5 жыл, 3 ай, 23 күнді құрайды. Нурлан Куттыбаевич 2024 жылдың тамызында, 2025 ж. 24 сәуірі МББ тестілеуге қатысып, өкінішке орай қажетті балл жинай алмады. Келесі жылы қайта аттестаттауға қатысады.

Турегельдина Бағыткуль Ахметқалиқызы, арнайы орта білімі, мамандығы: информатика және есептеу техникасын оқыту, диплом бойынша біліктілігі: информатика және есептеу техникасы пәнінің мұғалімі, Қостанай педагогикалық колледжі, 16.06.2008 ж. жұмыс өтілі: 15 жыл, санаты жоқ.

Бағыткуль Ахметқалиқызы 2008 ж. 01 қыркүйегінде Аманқарағай орта мектебіне информатика пәні мұғалімі болып орналасты. 2010 ж. 01 қыркүйегінде жұмыстан босатылды. 2010 жылдың 13 қыркүйегінен бастап Есмырза бастауыш мектебіне тәрбиеші қызметіне орналасты. 2018 жылдың 02 қыркүйегінде жұмыстан босатылды, тұрғын жерін ауыстыруына байланысты 2018 жылдың 03 қыркүйегінен бастап № 2 Ұзынкөл орта мектебіне информатика пәнінің мұғалімі ретінде қабылданды, **мұғалімдік қызметке қайта оралды**. Информатика пәнінің мұғалімі ретіндегі жұмыс өтілі 7 жыл. 2023-2024 оқу жылы Бағыткуль Ахметқалиқызы аттестаттаудан өтуге арыз берді, бірақ мұғалімдердің білімдерін бағалау тестілеуінен өте алмады 2024 ж. 22 иамызы МББ тапсырып, 29 балл жинады, биыл, 2025 ж. 24 сәуірде МББ қайта тапсырды, 30 балл жинап, аттестаттау процедурасына дайындалуда.

Шегенова Римма Жакиевнаның бірінші мамандығы - математика мұғалімі, ол 1991 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын аяқтады. 2004 жылдан бастап ол педагог-психолог қызметіне ауысты, математика сабақтарын жүргізуді жалғастырды. 2010 жылдан бастап ол педагог-психолог және өзін-өзі тану пәнін жүргізуге толығымен ауысты. Математика пәні мұғалімі ретінде 24 жылдық өтілі бар- **мұғалімдік қызметке қайта оралды**

Мырзабай Нұршат Мақсатқызы 6 сыныпта ағылшын пәнін жүргізеді. Білімі: 2021 жылы Шерхан Мұртаза халықаралық Тараз инновациялық институты 7M01701 "Шет тілі: екі шет тілі" Педагогика ғылымдарының магистрі “ дәрежесі бар. Жұмыс өтілі 4 жыл, ағылшын пәні бойынша санаты жоқ.

Рыжкова Макпал Багитжановна - география пәні мұғалімі. Макпал Багитжановна География бакалавры, мамандығы бойынша 24.06.2011 ж Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдады. 2011 жылы Бауман орта мектебіне география пәні мұғалімі болып орналасты (Бұйрық № 37, 14.08.2011 ж.). 2015 жылдың 03 қыркүйегінде “жоғары дәрежедегі екінші санатты география мұғалімі” санаты берілді (Бұйрық № 10, 03.09.2015 ж). 2021 ж. 02 тамызында мекен-жайы өзгеруіне байланысты жұмыстан босатылды (Бұйрық № 4, 02.08.2021 ж.).

2021 ж. 07.09-нен “Ұзынкөл ауданының ветеринарлық станциясы” КМК іс-жүргізуші қызметіне орналасты (Бұйрық № 57-л, 07.09.2021 ж).

2022 ж. 16 тамызы жұмыстан кетті (Бұйрық № 74, 16.08.2022 ж.)

2022 жылы Макпал Багитжановна **мұғалімдік қызметке қайта оралды.**

2022 жылдың 24 тамызы № 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне география пәні мұғалімі болып орналасты (Бұйрық № 103, 24.08.2022 ж.). 2023-2024 оқу жылында бала туу мен күту демалысында болды. Бала күту демалымынан 2024 ж. 01 шілдесінде шықты (Бұйрық № 25, 01.07.2024 ж.). Макпал Багитжановна 2025 ж. 23.02 МББ қатысып, қажетті 32 балл санын жинады, енді аттестаттауға дайындалуда.

2024-2025 оқу жылындағы негізгі орта білім беру педагогтарының сапалық құрамы

Жалпы педагогтер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз	Қоса атқарушылар
19	2	6	4	5	2

2024-2025 оқу жылының 5-9 сыныптарға сабақ беретін 19 педагогтің жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі-42,1 %

2024-2025 оқу жылында 10-11 сыныптарында сабақ беретін мұғалімдер саны – 16. Педагогтердің санаттарға бөлінуі:

“Педагог-зерттеуші” санаты бар 1 педагог.

Есентемирова Айнагуль Асхатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі 3 “б” сыныбында ЖОЖ сәйкес қазақ тілі орыс сыныптарында пәнін жүргізді. 11 жыл жұмыс өтілі, санаты: педагог-эксперт. 2024 ж. 06 қыркүйегінде № 63 Бұйрығы негізінде **педагог-зерттеуші** санаты берілді.

“Педагог-сарапшы” санатары бар 8 педагог:

Утегенова Гуля Жукуновна, ағылшын пәні мұғалімі, білімі жоғары, “педагог-зерттеуші. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-зерттеуші” санаты берілген. 2024 ж. 06.09. № 63 бұйрығымен ағылшын пәні мұғалімі лауазымы бойынша “педагог-сарапшы” санаты берілген.

Жакашова Рысалды Кабдуллиновна, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, жұмыс өтілі 40 жылдан астам. Санаты: “педагог-сарапшы”. 2020 ж. 28 тамыздағы № 255 Бұйрығымен “педагог-сарапшы” санаты берілген. Зейнет жасқа келуіне байланысты, әрі қарай аттестаттаудан өтуден бас тартқаны туралы өтініш тапсырды.

Гаубрих Светлана Оттовна, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-эксперт. “педагог-эксперт” санаты берілді, 2025 ж. 01 қыркүйегіне дейін жарамды. Зейнеткерлікке 2 жыл қалуына байланысты аттестаттаудан бас тартуы туралы өтінім берді, қосымшада берілген.

Капышева Канат Есетовна, биология пәнінен “педагог-сарапшы” (27.12.2019 ж № 398 Бұйрығы), химия пәнінен - “педагог-модератор” (29.08.2020 ж, № 152 бұйрығы) санаты бар. Канат Есетовна 2025 ж. 24 сәуірінде МББ тестілеуінен өтті, енді аттестаттау рәсімінен өтуге дайындалуда.

Токмурзов Алибек Маралбекович, тарих пәні мұғалімі, жұмыс өтілі 7 жыл. 18.12.2020 ж., № 343 бұйрығы негізінде “педагог-сарапшы” санаты берілді. Аттестаттаудан 2026 жылы өтеді.

Нурмагамбетова Зияш Какимбековна, физика пәнінің мұғалімі. 2024 жылғы 02 қыркүйегінде шығарылған № 279 бұйрығына сәйкес “педагог-сарапшы” санаты берілген.

Нуржанова Асыл Сапарбековна қоса атқарушы маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. Кумажанова А.Б. декреттік демалысы уақытына жұмысқа қабылданған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері лауазымы бойынша педагог - сарапшы” санаты берілген (31.12.2020 ж., №138 бұйрығы). Санаты есептелмейді, қоса атқарушы маман болуына байланысты.

Сейфуллин Караша Каратаевич, АЭТД педагог-ұйымдастырушысы

Модераторлар саны 5,

Кишкентаева Акмарал Даулетовна, математика пәнінің мұғалімі, білімі жоғары, математика бакалавры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін 2022 жылы тәмамдады, жұмыс өтілі 2,7 ж. Педагог-модератор санаты 30.09. 2024 ж №222 бұйрығы негізінде берілді.

Жұмашев Абай Серікұлы, физика пәнінің және Жаһандық құзыреттіліктер пәнінің мұғалімі. Физика пәні бойынша педагог-модератор, 02.09.2024 ж, №218 бұйрығы, өтілі 8 жыл.

Алимбаев Килимкан Касымканович, дене шынықтыру мұғалімі, санаты: педагог-модератор, 02.09.2024 № 218 бұйрығы негізінде берілді.

Мишура Анна Сергеевна қазақ сыныптарында орыс тілін жүргізеді.

Екінші мамандығы: 45.03.01 “Филология” бакалавры, ЖББ ФМБББҰ “Челябі мемлекеттік университеті” Республикалық мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығы бар, ҚР БжҒ министрлігінің Болон процессінің орталығы мен академиялық жылдамдығы, күәлік № №0040821, берілген мерзімі: 14.04.2021 ж. (білім туралы дипломның түпнұсқасымен бірге және нотариалды күәлендірілген аудармасымен қоса жарамды).

Орыс тілі мен әдебиеті маманы лауазымы бойынша “педагог-модератор” санаты берілді (2024 ж. 02.09, Бұйрық № 218).

Мырзабай Нұршат Мақсатқызы 11 сыныпта химия пәнін жүргізеді. Білімі: жоғары, Химия бакалавры, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 04.06.2019 жылы аяқтады. Жұмыс өтілі 4 жыл,

2021 жылы Шерхан Мұртаза халықаралық Тараз инновациялық институты 7M01701 "Шет тілі: екі шет тілі" Педагогика ғылымдарының магистрі “ дәрежесі бар. Химия пәні бойынша педагог-модератор санаты бар (01.09.2020 ж №76 (А) бұйрығы). Бала күту демалысына кетуіне байланысты аттестаттауға қатыспайды.

Санаты жоқ педагогтер саны - 2.

Турегельдина Бағыткуль Ахметқалиқызы, арнайы орта білімі, мамандығы: информатика және есептеу техникасын оқыту, диплом бойынша біліктілігі: информатика және есептеу техникасы пәнінің мұғалімі, Қостанай педагогикалық колледжі, 16.06.2008 ж. жұмыс өтілі: 15 жыл, санаты жоқ.

Бағыткуль Ахметқалиқызы 2008 ж. 01 қыркүйегінде Аманқарағай орта мектебіне информатика пәні мұғалімі болып орналасты. 2010 ж. 01 қыркүйегінде жұмыстан босатылды. 2010 жылдың 13 қыркүйегінен бастап Есмырза бастауыш мектебіне тәрбиеші қызметіне орналасты. 2018 жылдың 02 қыркүйегінде жұмыстан босатылды, тұрғын жерін ауыстыруына байланысты 2018 жылдың 03 қыркүйегінен бастап № 2 Ұзынкөл орта мектебіне информатика пәнінің мұғалімі ретінде қабылданды. Информатика пәнінің мұғалімі ретіндегі жұмыс өтілі 7 жыл. 2023-2024 оқу жылы Бағыткуль Ахметқалиқызы аттестаттаудан өтуге арыз берді, бірақ мұғалімдердің білімдерін бағалау тестілеуінен өте алмады 2024 ж. 22 мамыры МББ тапсырып, 29 балл жинады, биыл 2025 ж. 24 сәуірде МББ қайта тапсырды, 30 балл жинап, аттестаттау процедурасына дайындалуда.

Рыжкова Макпал Багитжановна - география пәні мұғалімі. Макпал Багитжановна География бакалавры, мамандығы бойынша 24.06.2011 ж Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдады. 2011 жылы

Бауман орта мектебіне география пәні мұғалімі болып орналасты (Бұйрық № 37, 14.08.2011 ж.). 2015 жылдың 03 қыркүйегінде “жоғары дәрежедегі екінші санатты география мұғалімі” санаты берілді (Бұйрық № 10, 03.09.2015 ж.). 2021 ж. 02 тамызында мекен-жайы өзгеруіне байланысты жұмыстан босатылды (Бұйрық № 4, 02.08.2021 ж.).

2021 ж. 07.09-нен “Ұзынкөл ауданының ветеринарлық станциясы” КМК іс-жүргізуші қызметіне орналасты (Бұйрық № 57-л, 07.09.2021 ж.).

2022 ж. 16 тамызы жұмыстан кетті (Бұйрық № 74, 16.08.2022 ж.).

2022 жылы Макпал Багитжановна мұғалімдік қызметке қайта оралды.

2022 жылдың 24 тамызы № 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебіне география пәні мұғалімі болып орналасты (Бұйрық № 103, 24.08.2022 ж.).

2023-2024 оқу жылында бала туу мен күту демалысында болды. Бала күту демалымынан 2024 ж. 01 шілдесінде шықты (Бұйрық № 25, 01.07.2024 ж.).

Макпал Багитжановна 2025 ж. 23.02 МББ қатысып, қажетті 32 балл санын жинады, енді аттестаттауға дайындалуда.

2024-2025 оқу жылындағы жалпы орта білім беру педагогтарының сапалық құрамы

Жалпы педагогтер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз	Қоса атқарушы
16	1	7	5	2	1

2024-2025 оқу жылында 10-11 сыныптар бойынша жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі- 50,0 %

	Бастауыш буын (1-4)	Орта буын (5-9)	Жоғары буын (10-11)
2022-2023	43,75	52,94	61,53
2023-2024	44,44	47,05	61,53
2024-2025	47,05	42,1	50,0

Қорытынды: Бастауыш буында біз сапалық құрамның өсу траекториясын көріп отырмыз. Бұл жағдай пән мұғалімдері саны қосылу себебінен болып отырғанын көре аламыз.

Орта буын мен жоғары буында жұмыс істейтін педагогтер сапасының төмендеуі анықталады. Бұл миграциялық үдерістерге және ұжымның қартаю үдерісімен тығыз байланысты.

Ұжымда 4 зейнеткер еңбектеніп жатыр, олардың 2 - зерттеуші, 2- сарапшы санаттары бар. 2 сарапшы педагог зейнетке аз уақыттары қалды. Нәтижесінде мектепте жас мұғалімдер, олардың санаттары төмен болып отыр.

Соңғы үш жылдағы мектептің педагог кадрларының сапалық және сандық құрамын талдау барысында аталған жыл бойынша біліктілік арттыру бойынша уақытынан асып кеткен және себепсіз біліктілік санатын арттыру уақыттарын өткізіп алған педагогтер жоқ.

Ұсыныс:

Жас мұғалімдерді санаттарын тез көтеруге ынталандыру мақсаттарымен белсенді байқаулар, жарыстарға қатысуға тарту.

Кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатымен қосымша семинар-вебинарлар өткізу, қатысу.

Қорыта келе, 2024-2025 оқу жылының бастауыш сыныптарындағы 17 педагогтың жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-47,05 % .

5-9 сыныптарға сабақ беретін 19 педагогта жоғары санатты және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі кадр сапасы- 42,1 %.

10-11 сыныптарға сабақ беретін 16 педагог жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы **орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі- 50,0 % құрады.

Кемінде 5 жылда бір рет педагогтардың біліктілік санатын арттыру /растау жұмысы 100 % (5 балл) нәтижені көрсетті.

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 100 % болғандықтан «5» деген баллмен бағаланды.

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер.

2022-2023 оқу жылындағы зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, жарыстарға қатысу қорытындысы:

Аудандық деңгей:

-Кишкентаева Акмарал Даулетовна, «Дарынды балаларға - талантты мұғалім» атты Республикалық педагогикалық олимпиаданың аудандық кезеңі, 3-орын

-Токмурзов Алибек Маралбекович, аудандық Құрмет грамотасы

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, 2022-2023 оқу жылында жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат. 10-сынып оқушысы Жумасаев Саят

-Кишкентаева Акмарал Даулетовна, Утегенова Гуля Жукуновна, «Педагогикалық тандем» аудандық тәлімгер мен жас маман байқауында, 3-

орын

-Жұмашев Абай Серікұлы, аудандық Құрмет грамотасы

-Капышева Канат Есетовна, химия пәнінен 9-11 сыныптар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша әділқазы болғаны үшін Алғыс білдіреміз.

-Капышева Канат Есетовна, аудандық мадақтама

-Капышева Канат Есетовна, Ұзынкөл ауданының үздік ұстазы-2022 жыл, 2-орын

Облыстық деңгей:

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, «Абай оқуларына» Алғыс хат 10-сынып оқушысы Жумасаев Саят Абай оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін

-Жұмашев Абай Серікұлы, Физика пәні мұғалімдеріне арналған облыстық «Олимпиада есептерін шешу» атты оқыту семинары, сертификат

-Нурмагамбетова Зияш Какимбековна, Физика пәні мұғалімдеріне арналған облыстық «Олимпиада есептерін шешу» атты оқыту семинары, сертификат

2023-2024 оқу жылындағы зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, жарыстарға қатысу қорытындысы:

Аудандық деңгей:

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, 2023-2024 оқу жылында жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат. 11-сынып оқушысы Жумасаев Саятты «Мағжан» оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін

-Нурмагамбетова Зияш Какимбековна, 2023-2024 оқу жылында жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат. Ешетаев Алмат, 10-сынып, облыстық Т.Е.Дәулетбаев атындағы оқушылардың ХІ өңірлік ғылыми-практикалық конференциясында, 3-орын

-Жаныбекова Жибек Казиевна, «Үздік бағдарлама» Республикалық байқауының аудандық кезеңі, 1-орын

Облыстық деңгей:

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, Алғыс хат. 11-сынып оқушысы Жумасаев Саят «Мағжан» оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін

Республикалық деңгей:

-Жаныбекова Жибек Казиевна, математикадан бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиада, 1-орын

-Жаныбекова Жибек Казиевна, қазақ тілі пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиада, 1-орын

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, Қазақ тілі пәнінен республикалық қашықтық олимпиада, 1-орын

2024-2025 оқу жылындағы зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, жарыстарға қатысу қорытындысы:

Аудандық деңгей:

-Токмурзов Алибек Маралбекович, Ешетаев Алмат, 10-сынып оқушысын Қазақстан тарихынан жалпы білім беретін пәндер бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, Мұқағали оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат. 8-сынып оқушылары Танатканов Санжар,

-Даулетбаев Куаныш, 9-сынып оқушысы Бейсекеев Адильхан, 11-сынып оқушысы Ешетаев Алмат «Мұқағали оқуларына» жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат.

- Айнагуль Асхатовна, 9-сынып оқушысы Рспаева Асемді «Мағжан оқуларына» жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, 7-сынып оқушысы Қанатқызы Аружан Ыбырай оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, «Жарқын болашақ» байқауына 9-сынып оқушысы Төлеген Гүлденді жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат

Облыстық деңгей:

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, облыстық құрмет грамотасы

-Есентемирова Айнагуль Асхатовна, Махамбет оқуларына 11-сынып оқушысы Ешетаев Алмат жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат

-Мозер Ирина Николаевна, Т.Е.Дәулетбаев атындағы педагогтерге арналған XII өңірлік ғылыми-практикалық конференциясында, сертификат

-Мозер Ирина Николаевна, Амрина Аклима Алпамышевна, Т.Е.Дәулетбаев атындағы педагогтерге арналған XII өңірлік ғылыми-практикалық конференциясында, 1-орын

-Нурмагамбетова Зияш Какимбековна, «Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу қызметі: әдістер және табысты тәжірибелер» облыстық семинарының қатысушысы, сертификат

Республикалық деңгей:

-Байболова Аягоз Кайбаровна, «ПедТриумф» бастауыш сынып пәні бойынша Республикалық педагогикалық олимпиадасында 1 орын

-Мишура Анна Сергеевна, «ПедТриумф» орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Республикалық педагогикалық олимпиадасында 1 орын

-Байболова Аягоз Кайбаровна, «ПедТриумф» бастауыш сынып пәні бойынша Республикалық педагогикалық олимпиадасында 1 орын

Мектептің штаттық кестесіне сәйкес педагогикалық құраммен жасақталған. Мектептің педагогикалық ұжымы тәжірибелі, жұмыс қабілеті жоғары, шығармашыл, жұмыс өтілі мол, кәсіби шеберлігі жоғары педагогтардан тұрады. Мектепте білім сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар толығынан жасалған.

6) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Мектеп бойынша жалпы педагогтер саны - **33**. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге арналған курстардан соңғы үш жылдың ішінде (2022-2025 жылдары) пәндері бойынша өткен педагогтер саны: **33 (100 %)**, Сонымен бірге инклюзивті білім беруді сапалы жүргізу мақсатымен **29 (87,9 %)** педагог ерекше қажеттілікті тәрбиелеу мен оқытуды, психологиялық қолдауды сапалы жүргізу мақсатымен инклюзивтік курстарынан өтті,

4 (12,1 %) педагог инклюзивтік курсыдан әлі өткен жоқ;

Сейфуллин Караша Каратаевич – АӘТД педагог-организаторы, оның пәнінен инклюзив оқушылары жоқ және 2025 ж. 03 қарашасында зейнет жасқа жетуіне байланысты әрі қарай мұғалімдік қызмет атқармайды,

Муканова Жансулу Ерековна – қазақ тілі орыс сыныптарында жұмыс істейді – 2025 ж. курстан өтуі жоспарда,

Султангазина Жанар Кумаровна, бастауыш сынып мұғалімі, жұмыс өтілі 1 жыл 7 ай құрайды, алдағы уақытта өтуі жоспарлануда.

Заскалько Елена Васильевна, бастауыш сынып мұғалімі, сыныбында инклюзив оқушылары жоқ, 2025 ж. курстан өтуі жоспарда..

БӨЛІМ 3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.

Соңғы 3 жылға білім алушылар қозғалысы статистикалық форма негізінде төмендегі кестеде көрсетілген (алымында оқушы саны, бөлімінде қыздар саны):

Оқу жылы	Оқу жылының басы	Келгені	Кеткені	Оқу жылының аяғы
2022-2023	155/88	0	2/1	153/87
2023-2024	163/86	3/0	6/3	160/83
2024-2025	163/83	12/5	11/5	164/84

Бала саны жыл сайын өзгеріп отырады. Көбіне балалар санында тұрақты өсу тенденциясын көруге болады.

Оқу жылдары	Оқу жылының басы	Оқу жылының соңы
1-4 бастауыш сыныптар		
2022-2023	77	77
2023-2024	80	80
2024-2025	83	
5-9 сыныптар		
2022-2023	71	69
2023-2024	73	71
2024-2025	58	
10-11 сыныптар		
2022-2023	7	7
2023-2024	10	9
2024-2025	23	

1)Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің №2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ 2022-2023 оқу жылын - **155** білім алушымен бастады, оқу жылы соңында 153 білім алушы болды.

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жалпы мектеп	Мектеп бойынша барлық контингент
1	Оқушылар саны/қыздар саны	77/46	69/37	7/4	153/87
2	Жалпы сынып саны/толымдылығы оқушылар саны	8/10	5/14	2/4	15/10

2022– 2023 оқу жылы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар контингенті бойынша жалпы саны **5** оқушы болды. ЕББ қажет ететін жаппай білім беретін сыныптарда 2 оқушы 1- сыныпта (1 қыз, 1 ұл) оқиды, 2 оқушы 2-сыныпта (2 қыз), 1 оқушы 8- сыныпта (1 ұл) оқиды.

2022-2023 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚБ) білім алушылар контингенті

№	Сынып	ЕББҚБ оқушы саны	Сыныптағы жалпы оқушы саны
1	1 «А»	1	10
2	1 «Б»	1	12
3	2 «Б»	2	11
	1-4 сыныптарда	4	33
4	8 «А»	1	22
	5-9 сыныптарда	1	22
жалпы	1-9 сыныптарда	5	55

2023-2024 оқу жылындағы мектептің білім алушылар контингенті.

1)Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жалпы мектеп	Мектеп бойынша барлық контингент
1	Оқушылар саны/қыздар саны	80/44	71/37	9/2	160/83
2	Жалпы сынып саны/оқушылар саны	8/10	5/14	2/5	15/11

«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің №2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылын - **163** білім алушымен бастады, жыл соңында 160 білім алушы болды.

2023– 2024 оқу жылы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы саны **-6** оқушы болды. Оның ішінде 1 оқушы

денсаулығына байланысты үйден оқытылды. Ол ер бала, 5- сыныпта оқыды. Ал ЕББ қажет ететін жаппай білім беретін сыныптарда отырған 5 оқушының біреуі 2- сыныпта (бір қыз), екеуі 3- сыныпта (екі қыз), біреуі 5- сыныпта (ұл), біреуі 9- сыныпта (бір ұл) оқыды.

2023-2024 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚЕ) білім алушылар контингенті

№	Сынып	ЕББҚЕ оқушы саны	Сыныптағы жалпы оқушы саны
1	2 «Б»	1	13
2	3 «А»	1	10
3	3 «Б»	1	11
	1-4 сыныптарда	3	34
4	5 «А»	1 (үйде оқыту)	1
5	5 «А»	1	18
6	9 «А»	1	21
6	5-9 сыныптарда	3	40
Жалпы	1-9 сыныптарда	6	74

2024-2025 оқу жылындағы білім алушылар контингенті,

1)Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Кәмшат Дөненбаева атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылын-**163** білім алушымен бастады, жыл соңында 164 оқушы болды. Соңғы 3 жылда 1 рет мектеп контингенті жыл соңына «плюспен» шықты.

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі орта мектеп	Жалпы орта мектеп	Мектеп бойынша барлық контингент
1	Оқушылар саны	83/42	58/31	23/11	164/84
2	Жалпы сынып саны/ оқушылар саны	8/10	5/12	2/11	15/11

Осы оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы саны – **10** оқушы болды. Оның ішінде 1 оқушы денсаулығына байланысты үйден оқытылды. Ол ер бала, 6- сыныпта оқыды. Ал ЕББ қажет ететін жаппай білім беретін сыныптарда отырған 9 оқушының 4 оқушы 1- сыныпта (төрт ұл), 2 оқушы 3- сыныпта (екі қыз), 2 оқушы 4- сыныпта (екі қыз), 1 оқушы 6- сыныпта (бір ұл) оқыды.

2024-2025 оқу жылындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚБ) білім алушылар контингенті

№	Сынып	ЕББҚБ оқушы саны	Сыныптағы жалпы оқушы саны
1	1 «А»	1	6
2	1 «Б»	3	16
3	3 «А»	1	11
4	3 «Б»	1	13
5	4 «А»	1	11
6	4 «Б»	1	10
	1-4 сыныптарда	8	67
7	6 «А»	1 (үйден оқыту)	1
8	6 «А»	1	17
	5-9 сыныптарда	2	18
жалпы	1-9 сыныптарда	10	84

Мынадай жағдай назар аудартады, соңғы үш жылдың ішінде ерекше қажеттілігі бар оқушылар саны артып келеді.

Оқу жылы	Оқушылар саны	Сыныптары	Диагнозы
2022-2023	5	1-4 – 4 5-9 - 1	ЛУО
2023-2024	6	1-4 – 4 5-9 - 2	5-ЛУО, 1-УУО
2024-2025	10	1-4 – 8 5-9 - 2	9-ЛУО, 1-УУО

Осыған байланысты 2024-2025 оқу жылы мектеп негізінде инклюзияны қолдау кабинетін ашу туралы шешім қабылданды. Соның негізінде педагог-дефектолог 1,0 жүктемесі бөлінді. Дефектолог ретінде беәнді мамандығы бойынша жоғары білімі бар Мурзалина Райгуль Каратаевна қабылданды. Кабинет негізінде 1,0 жүктеме логопед, қосымша психолог және әлеуметтік педагогтер өз қызметін атқарады.

2) 2022-2023 оқу жылындағы сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер.

Мектеп бойынша барлығы **15** сынып-кешені.

1-4 сыныптар -**8** сынып кешені,

5-9 сыныптар – **5** сынып кешені,

10-11 сыныптарда – **2** сынып кешені болып оқыды.

Оқыту деңгейлері бойынша сыныптардағы оқушылардың орташа толымдылығы: 1-4 сыныптар – 10 оқушыдан, 5-9 сыныптарда – 14 оқушыдан, 10-11 сыныптарда- 2 оқушыдан болды.

Мектепте сабақтар екі ауысыммен өткізіледі:

Бірінші ауысымда **122** білім алушы оқыды (13 сынып кешені), оның ішінде: бастауыш білім беру – 1,2 сыныптар - 44 білім алушы (4 сынып кешені); негізгі орта білім беру - 5-9 сыныптар - 71 білім алушы (5 сынып кешені) жалпы орта білім беру - 10-11 сыныптар – 7 білім алушы (2 сынып-кешені).

Екінші ауысымда **33** оқушы оқиды (4 сынып кешені) білім алды.

2023-2024 оқу жылында сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың жалпы саны 160 болса, мектеп бойынша барлығы 15 сынып-кешені оқыды. Әр сыныптың орташа толықтылығы 11 оқушыны құрайды.

1-4 бастауыш сыныптарда -8 сынып-кешені, толымдылығы 10 оқушыдан келеді;

5-9 сыныптарда - 5 сынып-кешені, толымдылығы-14 оқушыдан келеді.

10-11 сыныптар бойынша 2 сынып- кешені, толымдылығы-5 оқушыдан келеді.

Мектепте сабақтар **екі** ауысыммен өткізіледі:

Бірінші ауысымда **121** білім алушы оқыды (13 сынып кешені), оның бастауыш сыныптарында 41 оқушы оқиды, барлығы 4 сынып (1 а, б, 2а, б сынып), негізгі орта білім беру – 71 оқушы, барлығы 5 сынып (5, 6, 7, 8, 9 сынып), жалпы орта білім беру 10-11 сыныптарда - 9 оқушы -2 сынып-кешенінде білім алды.

Екінші ауысымда **39** оқушы 4 сынып кешенінде оқыды, оның ішінде: бастауыш білім беру – 3 а, б, 4а, б сыныптары оқыды.

2024-2025 оқу жылындағы сыныптардың толықтығы (3 тоқсан аяқталуымен).

Оқыту деңгейлері бойынша сыныптар-кешені: 1-4 сыныптар бойынша -8 сынып-кешені, 5-9 сыныптар - 5 сынып, 10-11 сыныптар -2 сынып. Мектеп бойынша барлығы 15 сыныпты құрайды.

Оқушылардың жалпы саны қазіргі 3- тоқсанның аяқталуымен 164 болса, сыныптың орташа толымдылығы 11 оқушыны құрайды. Оқыту деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толымдылығы: 1-4 сыныптар – 10 оқушыдан; 5-9 сыныптар бойынша – 12 оқушыдан, 10-11 сыныптар – 11 оқушыдан келді.

Мектепте сабақтар екі ауысыммен өткізіледі:

Бірінші ауысымда **120** оқушы білім алуда (13 сынып кешені), оның ішінде: бастауыш білім беру - 1-2 сыныптар бойынша- 39 оқушы (соның ішінде 1а, б, 2а, б сыныптары) негізгі орта білім беру 5-9 сыныптар бойынша -58 оқушы (соның ішінде 5, 6, 7, 8, 9), жалпы орта білім беру 10-11 сыныптар – 23 оқушы (10,11 сыныбы) білім алуда.

Екінші ауысымда **44** оқушы оқиды (4 сынып кешені), бастауыш білім беру – 3а,б-4 а,б сыныптарында білім алуда.

3. 2022-2023 оқу жылы білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

Жалпы мектеп бойынша келген-кеткен оқушылар мен тәрбиеленушілерге тоқталар болсақ: 2022-2023 оқу жылында мектепке келген оқушылар жоқ, 2

оқушы кеткен: 7 сыныптан 1 оқушы және 8 сыныптан 1 оқушы. Жыл ішінде облыс бойынша -2 оқушы кетті.

№ р/с	Оқушылардың аты - жөні	Туған жылы, айы, күні	Сынып	Кеткен күні	Кеткені туралы бұйрық
Облыс бойынша					
1	Абдыкалық Гүлсезім Ержанқызы	03.05.2009	7	04.01.2023	№1
2	Сұлтан Шыңғысхан Сержанұлы	14.08.2008	8	04.01.2023	№2

2022-2023 оқу жылының соңында барлығы 1-11 сыныптар бойынша-153 оқушы оқуды аяқтады: Осы оқушылардың ішіндегі қыздар саны: 1-4 сыныптарда – 77 оқушы, оның ішінде 46 қыз; 5-9 сыныптарда - 69 оқушы, оның ішінде 37 қыз, 10-11 сыныптарда – 7 оқушы, оның ішінде 4 қыз аяқтады.

2023-2024 оқу жылы білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

Жалпы мектеп бойынша келген-кеткен оқушылар мен тәрбиеленушілерге тоқталар болсақ, 2023-2024 оқу жылында мектепке **3** оқушы келді. Ауданнан -3 оқушы: 4 сыныпқа 1 білім алушы, 1 сыныпқа 1 білім алушы, 3 сыныпқа 1 білім алушы келді.

№ р/с	Оқушылардың аты - жөні	Туған жылы, айы, күні	Сынып	Келген күні	Келгені туралы бұйрық
Аудан					
1	Сарин Ернұр Еркінұлы	24.09.2014	4	08.09.2023	№69
2	Есенкелді Нұрислам Нұрланұлы	27.09.2017	1	02.10.2023	№56
3	Сапаров Ансаган Аскатович	09.06.2015	3	14.12.2023	№93

2023-2024 оқу жылында мектептен барлығы **6** оқушы кетті.

№ р/с	Оқушылардың аты - жөні	Туған жылы , айы, күні	Сынып	Кеткен күні	Кеткені туралы бұйрық
Аудан					
1	Матасару Варвара Сергеевна	15.07.2015	3	08.09.2023	№ 59
2	Танабай Күнжан	06.05.2016	2	28.09.2023	№2

	Қайратқызы				
3	Бейсекеева Талшын Булатовна	10.04.2013	5	10.10.2023	№58
4	Бағит Әбентай Азаматұлы	19.06.2013	5	03.11.2023	№90
5	Сейтмуратова Сания Адилбековна	20.10.2007	10	08.11.2023	№91
6	Матасару Елизовета Сергеевна	08.09.2016	1	01.03.2024	№52

Жалпы мектеп бойынша келген-кеткен оқушылар мен тәрбиеленушілерге тоқталар болсақ: жыл ішінде аудан бойынша -6 оқушы кетті. Жыл ішінде: 1-4 сыныптарға – 3 оқушы келді.

2023-2024 оқу жылының соңында барлығы 1-11 сыныптар бойынша-160 оқушы оқуды аяқтады: Осы оқушылардың ішіндегі қыздар саны:

1-4 сыныптарда – 80 оқушы, оның ішінде 44 қыз;

5-9 сыныптарда - 71 оқушы, оның ішінде 37 қыз,

10-11 сыныптарда – 9 оқушы, оның ішінде 2 қыз аяқтады.

2024-2025 оқу жылы білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

2024-2025 оқу жылында 1-2 және 3 тоқсанға дейін барлығы ауданнан - 8 оқушы, облыстан-2 оқушы, республика бойынша-2 оқушы, жалпы мектепке осы оқу жылында 12 оқушы келді.

№ р/с	Оқушылардың аты - жөні	Туған жылы айы, күні	Сы ны п	Келген күні	Келген і туралы бұйры қ
Аудан					
1	Карамульдина Самира Мырзагалиевна	03.06.2014	5	06,09,2024	№37
2	Бейсекеева Талшын Булатовна	10.04.2013	6	31.10.2024	№44
3	Бектіллә Алихан Сержанұлы	09.02.2018	1	11.11.2024	№45
4	Батырбек Бекбатыр Талғатұлы	12.05.2018	1	14.11.2024	№46
5	Кенебаева Аяулым	11.11.2014	4	13.12.2024	№49

	Жомартовна				
6	Байзаков Аян Жомартович	31.07.2013	5	13.12.2024	№50
7	Кенебаева Дильназ Жомартовна	03.01.2017	2	13.12.2024	№51
ОБЛ					
1	Курлеутов Ерали Касымканулы	22.05.2016	3	12.12.2024	№48
2	Батырбек Шахмуратдин Талғатұлы	19.09.2013	5	13.12.2024	№52
РК					
1	Бауыржан Арсен Ақпанұлы	12.06.2014	5	08.01.2025	№1
2	Бауыржан Айша Ақпанқызы	21.06.2016	3	08.01.2025	№2

2024-2025 оқу жылында барлығы мектептен 1-3 тоқсан аралығында ауданға -7 оқушы, облысқа- 3 оқушы, колледжге - 1 оқушы кетті, жалпы басқа мектепке кеткендер саны 11 оқушы болып отыр.

№ р/с	Оқушылардың аты- жөні	Туған жылы, айы, күні	Сынып	Кеткен күні	Кеткені туралы бұйрық
Аудан					
1	Султангазина Гульнар Кумаровна	21.10.2008	10	01.09.2024	№35
2	Мнайдар Диас Елмұратұлы	07.08.2013	6	09.09.2024	№38
3	Кенебаева Дильназ Жомартовна	03.01.2017	2	18.12.2024	№53
4	Кенебаева Аяулым Жомартовна	11.11.2014	4	18.12.2024	№54
5	Байзаков Аян Жомартович	31.07.2013	5	18.12.2024	№55
6	Бектіллә Алихан Сержанұлы	09.02.2018	1	31.01.2025	№4
7	Байғали Айым Чингисқызы	09.05.2012	7	26.03.2025	№5
Облыс					

1	Актанова Дильназ Руслановна	09.01.2013	6	16.09.2024	№41
2	Батырбек Шахмуратдин Талғатұлы	19.09.2013	5	18.12.2024	№56
3	Курлеутов Ерали Касымканулы	22.05.2016	3	18.12.2024	№57
Колледж					
1	Юркенесов Санжар Адилханович	17.08.2009	10	17.09.2024	№40

2024-2025 оқу жылының басынан 3 тоқсан аралығында 164 оқушы білім алуда. 1-4 сыныптар - 83, оның ішінде 42 қыз; 5-9 сыныптар - 58, оның ішінде 31 қыз, 10-11 сыныптар - 23, оның ішінде 11 қыз оқып отыр.

Талдау нәтижелері: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Кәмшат Дөненбаева атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де бастауыш білім беру 1-4 сыныптарда, негізгі орта білім беру 5-9 сыныптарда және жалпы орта білім беру 10-11 сыныптарды оқыту сатылары айқындалғанын көрсетті. Осылайша, білім беру ұйымы бастауыш білім берудің - 4 жыл, негізгі орта білім берудің - бес жыл, жалпы орта білім берудің - 2 жылдық оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарына сәйкес келген жұмысы 100 % (5 балл) нәтижені көрсетті.

Қорытынды: 2022-2025 оқу жылдарында 3 жылда оқушылар контингентінде өсу тенденциясы анықталды. Егер 2022-2023 оқу жылын мектеп 155 оқушы санымен бастаса, 2025 жылдың 1 мамырына есептегенде мектепте 164 білім алушы бар. Екінші маңызды өзгеріс, егер алдыңғы екі жылда мектепте оқушылар саны жыл соңына кету үлесінен кему траекториясын көрсетсе, 2024-2025 оқу жылында керісінше, өсу траекториясы анықталды: 160-тан 164-ке ұлғайды. Дәл солай мектепте кеткендер санына қарағанда келгендер саны артты: 11 білімалушы кетті, 12 оқушы келді.

Ұсыныс: Оқушылар контингентін көбейту мақсатымен мектеп барынша мектеп имиджін көтеретін іс-шаралар жүргізуі керек. Мектеп имиджінің көтерілуіне мектептің Социалистік еңбек ері Кәмшат Дөненбаева есімін иеленгені әсер етті.

БӨЛІМ 4. ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:

Білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие үдерісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидалары сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалынып, тамыз айында өткізілетін мектептің №1 педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сараптамадан өтті.

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі – ЖЖЖ) келесі нормативтік құжаттар негізінде құрастырылды:

- Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (әрі қарай – МЖМБС);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚРБҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы);
- ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, 1, 6, 14, 19, 29, 86 қосымшалар;
- «Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарында 2022–2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы;
- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-

әдістемелік хат.

Оқу бағдарламасының мазмұнының көлемі типтік оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөліктерінің оқу жүктемелері бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

2022 жылдың қазан айында оқу жұмыс жоспарына төмендегі нормативтік құжаттар негізінде өзгерістер енгізілді:

➤ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы.

➤ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы; өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйек №412 бұйрығы 11, 16;

➤ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы; 5-9 гимназия сыныптарында жаратылыстану-математикалық циклдің пәндері бойынша оқу жүктемесі өзгерді.

2022-2023 оқу жылында 5-11 сыныптарда үлгілік оқу жоспарының вариативті компонент сағаттарының есебінен аптасына 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша курстар» енгізілді:

5 сыныптарда – «Парасаттылық – кісілік қасиет»;

6 сыныптарда - «Азаматтық және патриотизм»;

7 сыныптарда – «Экологиялық проблемалар»;

8 сыныптарда – «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық»;

9 сыныптарда – «Зайырлылық және дінтану негіздері»;

10 сыныптарда – «Тіршілік қауіпсіздік негіздері»;

11 сыныпта – «Жаһандық маңызы бар мәселелер».

Вариативтік компоненттің сағаттарын бөлу кезінде оқу материалдары мен ресурстарының болуы ескерілді.

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі СанПин), 2021 жылғы 5 тамыздағы № 611 ҚРм ДСМ-76 Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге сәйкес құрастырылды. Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі СанПин), 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 ҚР ДСМ-76 Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге сәйкес құрастырылды. Соған сәйкес, 1-11 сыныптарда СанПин бойынша 2-ші және 3-ші сабақтардан кейін 15 минуттық 2 үзіліс қарастырылған.

Сабақ кестесі Сан Пиннің 72-тармақтарына сәйкес кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп басшысымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылында оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) төмендегідей нормативтік құжаттар негізінде жасалды:

➤ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

➤ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 және 30.09.2022 ж. № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

➤ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы(ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467, 05.07.2023ж №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

➤ «Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

➤ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. №216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда- ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №194 бұйрығымен);

➤ «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы;

➤ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат.

2023-2024 оқу жылында «Жаһандық құзыреттілік» курсы 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан өткізіледі.

2023 жылы 26 қазанда оқу жұмыс жоспарына төмендегі нормативтік құжат негізінде өзгерістер енгізілді:

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қазанда № 33576 болып тіркелді.

1-11 сыныптарда СанПин бойынша 2-ші және 3-ші сабақтардан кейін 15 минуттық екі үзіліспен жүргізілді. Сабақ кестесі СанПиннің 72-тармақтарына сәйкес кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп басшысымен бекітілген.

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

2022-2023 оқу жылында инвариантты компоненттегі жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы (11, 16, 26, 39-қосымша) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы) өзгерістерімен қоса алғанда;

2023-2024 оқу жылында инвариантты компоненттегі жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы (11, 16, 39-қосымша)

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы. Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 тамызда № 33316 болып тіркелді.

2024-2025 оқу жылында инвариантты компоненттегі жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы (11, 16, 39-қосымша)

«Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен 08.02.2024 жылғы № 27 және 27.06.2024 № 161 (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары), ҚР Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығына 6-қосымша 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500, ҚР Білім Министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығының редакциясы;

2024-2025 оқу жылында оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) төмендегідей нормативтік құжаттар негізінде жасалды:

➤ «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі Стандарт) 3 қосымшаға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрықтары, 31.05.2024 жылғы № 132 өзгерістер мен толықтырулар;

➤ «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен 08.02.2024 жылғы № 27 және 27.06.2024 № 161 (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары), ҚР Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығына 6-қосымша 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500, ҚР Білім Министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығының редакциясы;

➤ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы(ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467, 05.07.2023ж №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

➤ «Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

➤ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік

кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. №216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда-ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №194 бұйрығымен);

➤ «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 11 шілдедегі № 174 бұйрығы;

➤ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды, 2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама*).

2024-2025 оқу жылында «Жаһандық құзыреттілік» курсы 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан өткізіледі.

2023 жылы 26 қазанда оқу жұмыс жоспарына төмендегі нормативтік құжат негізінде өзгерістер енгізілді:

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қазанда № 33576 болып тіркелді.

1-11 сыныптарда СанПин бойынша 2-ші және 3-ші сабақтардан кейін 15 минуттық екі үзіліспен жүргізілді. Сабақ кестесі СанПиннің 72-тармақтарына сәйкес кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп басшысымен бекітілген.

Жыл сайын барлық оқу бағдарламалары 100% орындалды және ол директор жанындағы отырыста қаралды.

3) Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы жоспарлау формасы бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына негізделіп құрастырылған Тәрбие жұмысының жоспары.

Тақырыбы: Өскелең ұрпақтың рухани құндылықтары мен басымдықтарын қалыптастыру, өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде қазіргі заманғы тәрбие жүйесінің негізгі

миссиясы.

Тәрбиелік жұмыстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, прагматикалық, күшті, шығармашыл, патриоттық тұлғаны қалыптастыру үшін тиімді жағдайларды қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін тәрбие қызметінің мынадай міндеттері тұжырымдалды:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жетілдіру негізінде ұлттық сананы дамыту, адамгершілік және азаматтық қасиеттерді қалыптастыру;
2. Оқушылардың жеке басын, олардың қызығушылықтарын, ұмтылыстары мен тілектерін зерделеу негізінде балалардың физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік және рухани дамуы үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру (оқушылардың портфолиосын құру);
3. «Жас Ұлан» ББЖҰ жұмысын жандандыру арқылы мектеп және сынып оқушыларының өзін-өзі басқаруының бірыңғай жүйесін дамыту;
4. Ата-аналарды тәрбиелеуге, олардың баланың жеке басын қалыптастырудағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімді түрлерімен танысу үшін сынып жетекшілеріне тоқсанына бір рет семинарлар, мастер-класстар өткізу.
6. Мектептің қосымша білім беру жүйесіне әлеуметтік тәуекел тобындағы балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тартуға ерекше назар аудару қажет.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Жоғарыда аталған сегіз бағыт бойынша тәрбие жұмыстары үнемі атқарылып отырды. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі оқушыларды қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, мәдениеттілікке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып оқушыларды адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу көзделген. Оқу жылының басынан сынып жетекшілері көрсетілген бағыттар бойынша тәрбие жұмыс жоспарларын жасады. №2 Ұзынкөл орта мектебінің тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты, оның құрылымына директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілерінің, кітапханашының, педагог-

психологтың, әлеуметтік педагогтың қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

Тәрбие процесін жүзеге асыру үшін акт залы және спорт залдары, музыка кабинеті, бейнелеу өнері кабинеті, педагог-психолог кабинеті, кітапхана материалдық-техникалық базалармен жабдықталған.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жұмысының мақсаты: балаларда адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру үшін, сынып жетекшісінің қызметіндегі тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру. Сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарына тәрбие міндеттерін шешуге ықпал ететін, тәрбие мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын нақты іс-шаралар енгізілген. Сынып жетекшілері жоспарланған педагогикалық нәтижеге қол жеткізу үшін, заманауи білім беру технологиялары пайдаланылады: тұлғаға бағытталған, білім алушылардың жеке басын өзін-өзі дамыту технологиясы, мәдениеттер диалогы және сыни ойлау технологиясы. Тәрбие жұмысының жай күйі сынып жетекшілерінің отырыстарында қаралады.

Тәрбиенің әр бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар: 1-бағыт: «Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие».

Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу мақсатында «Саналы ұрпақ- жарқын болашақ» тақырыбында Білім күніне орай салтанатты жиын, «Тұңғыш Президент күніне қарсы» бірегей сынып сағаттары өткізіліп, оқушылардың бойында патриоттық сезімі қалыптасты. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік -Тәуелсіздік» тақырыбындағы мектепшілік іс-шарада «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау рәсімі болды. 10-11 сынып оқушылары арасында Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Сейфуллин Қараша Қаратаевтың ұйымдастыруымен әскери-патриоттық байқау өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп психологтары 7-8 сынып оқушылар арасында «Менің құқығым бар!» тақырыбында тренинг, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында дебат, «Адал және сатылмайтын еңбек» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының арасында сурет байқауын өткізді.

Оқушыларды зейінділікке, білімпаздыққа жетелейтін «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы 5-8 сыныптар арасын қамтыды. Әрбір атқарылған тәрбие жұмысының нәтижесінде патриоттық сана сезімі оянған, өз елінің тәуелсіз ұланы қалыптасты.

2-бағыт: Рухани – адамгершілік тәрбие

Оқушылардың бойындағы рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында көптеген жұмыстар өз уақытында жүргізіліп отырылды.

3-бағыт: Ұлттық тәрбие

Білім алушылардың танымдық деңгейін көтеру мақсатында 1-9 сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәні мұғалімдердің ұйымдастыруымен мектепшілік «Өлең сөздің патшасы» өлеңді мәнерлеп оқу байқауы өткізілді

және оқушылар мадақтамалармен, ақшалай сыйлықпен марапатталды. Мектебіміздегі қыздарымызды ұқыптылыққа, мәдениеттілікке жетелейтін «**Сырғалым**» клубы 8-11 сынып қыздары арасында «Қыз бала – ұлт айнасы» тақырыбында кең ауқымды іс-шарасы өткізілді. Бұл іс-шарадан қыз балалар өздеріне қажетті отбасылық өмірге даярлық жасайтын, адами құндылықтарға толы ақпараттар алып, өз ойларымен бөлісті. Қыз бала өзінің анасы және жеңгесімен қарым-қатынастарын баяндады.

Халық әртісі Дина Нұрпейісованың 160 жылдық мерейтойына орай мектеп кітапханашылары мен музыка пәні мұғалімі Мукенова Малика бірлесіп, 5-сыныптарда «Күй анасы-Дина» атты әдеби – музыкалық кеш өткізді, бұл іс-шарадан оқушылар өздеріне атақты күйші апамыз Дина туралы толық ақпаратқа ие болып, нәтижесінде күйші апамызға ұқсағысы келетін оқушылар да табылып жатты.

Мектебіміздегі дарынды да талантты оқушыларымыз ауыз толтырып айтарлықтай өз өнерлерін үнемі дәлелдеп жүр. Соның бірі аудандық деңгейде өткен Әбіш Кекілбаевтың «Махаббат мұнарасы» шығармасынан сахналық қойылымымен байқауға қатысып, мектебіміздің оқушылары жүлделі I орын иеленді. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар арқылы оқушылар өз бойларына ұлттық құндылықтармызды сіңіре білді.

4-бағыт: Отбасы тәрбиесі

Отбасы күніне орай мектеп, отбасы және бала үштік одағын насихаттайтын «Отбасы мәдениеті» тақырыбында көптеген іс-шаралар өткізілді. Бастауыш сынып буыны «Менің отбасым» атты сурет байқауын, орта буын оқушылары отбасыға қатысты фотоколлаж және жоғары буын оқушылары өз ата-аналарына алғысын білдіру үшін дөңгелек үстел ұйымдастырды.

I жартыжылдықта «Үндестік жобасы» аясында 7-11 сынып оқушыларының ата-аналары арасында «Мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы бала тәрбиесінің айнасы», 1-4 сынып оқушыларының ата-аналар арасында «Жанұя дәстүрі және оның тәрбиедегі рөлі» тақырыбында үлкен ауқымда ата-аналар жиналысы өткізілді. Осы жиналыста мектептегі атқарылып жатқан тәрбиелік мәні бар жұмыстар туралы тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары есеп беріп, психолог мамандар отбасы ішіндегі кейбір қиындық тудыратын мәселелерді шешуге көмектесетін тренингтер өткізді.

II жартыжылдықта ата-аналармен бірлескен «Мамандық таңдауға мүмкіндік» тақырыбында экскурсия ұйымдастырылып, мектеп оқушылары өз ата-аналарының жұмыс атқаратын орындарына барды және бір күндік өмірімен танысты. Мұндағы мақсат ата-анаға деген қамқорлыққа, күндіз түні баласы үшін еңбек етіп жүрген ата-ана өмірімен таныстыру, отбасына кіріп жатқан табыстың қандай еңбекпен келіп жатқанын көрсету және өздеріне мамандық таңдау жолында дұрыс таңдау жасауға бағыт бағдар беру.

5-бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мектеп ауласын таза ұстау, оқушылардың мектепке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында қыркүйек, қазан айларында мектеп оқушылары мен қызметкерлер көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Қоршаған орта мен жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар жоспарына

сәйкес 1 сынып оқушылары арасында «Қоқысқа жол жоқ!» акциясы өтті, оқушылар бұл акцияға белсенді қатысты.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектебіміздің технология мұғалімдері «Қолөнерден сыр ұққан шеберлер» тақырыбында қол өнер көрмесін ұйымдастырды.

6-бағыт: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Биылғы оқу жылында «Өзін – өзі басқару» және «Жас Ұлан» ұйымының бірігуімен көптеген жұмыстар атқарылуда, «Жас ұлан» ұйымының оқушылары аудандық «Ұланымыз ұлы елдің» форумына қатысып.

7-бағыт: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

«Экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша 9 сынып оқушыларымен Қостанай Академиясының экстремистік идеологияға қарсы іс-қимыл жөніндегі мамандарын даярлау орталығының бастығы, полиция майоры Туйғанов Мырзабек Сардарбекұлы ақпараттық сағат өткізді. 5-11 сынып оқушыларының діни көзқарастарын анықтау мақсатында мектеп психологтары сауалнама алып, нәтижесін қорыта отырып, диагностика жасады.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарады.

Тәрбие жұмысы жалпы мектептік істерді ұйымдастыруда, сынып ұжымдарының өмірінде, қалада, ауданда және облыста өткізілетін түрлі акцияларға, жобаларға қатысуында, директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілер отырыстарында, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырыстарында тәрбие қызметі мәселелерін талқылауда, түрлі сауалнамалар мен сауалнамалар жүргізуде іске асырылады.

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады "Туған жер", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары, қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;

- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;
- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;

Мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Оқушылардың жеке басын қалыптастыру мен дамытуда мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыруда жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, оған "тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған "өлкетану", бағыты кіреді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай маңызды іс-шаралар өткізіледі:

- "Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру" ақпараттық сағаты;
- "Рухани жаңғыру-ұрпақ тәрбиесі басталады" дөңгелек үстелі, "Менің елімнің атаулы күндері"; "Мен патриотпын";
- "Қазақстан рәміздері", "Туған өлке-барлығының негізі" сынып сағаттары;
- "Қазақстан-біздің ортақ үйіміз", "Қазақстанның рухани мұрасы";
- "Туған жерім" тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастыру;
- "Туған жер" жобасы аясында туған қаламыздағы мұражайға экскурсиялық сапар;
- "Оқуға құштар мектеп" жобасын ұйымдастыру.

Патриотизм өз жеріне, ауылына, кіші Отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Мектептегі оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Оқу жылының басында осы бағытта жұмыс жоспары әр топ бойынша құрылып, тексеріліп, бекітілді. Оқу жылының басында «Рухани жаңғыру» бұрышын жасап, безендіріліп, әр топта «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасалынды. Қыркүйек айынан бастап барлық атқарылған істердің нәтижесі мектебіміздің әлеуметтік желісіне жарияланып отырды.

Сонымен қатар, облыстық басылымға Р.Жусупбекованың «Ыбырай ізбасарлары», «Басты құндылық - рухани тәрбие» тақырыптарында мақалалары жарияланды.

Атқарылып жатқан барлық іс шаралар үнемі әлеуметтік желілерге жарияланып отырды. «Еңбек елдің мұраты» бағытында - 8 іс-шара, «Өркендеу»- 6, «Үнемді -қоғам қуаты»-6, «Тарихтың кино өнері» -3, «Ұлы даланың Ұлы есімдері»-10, «Дәстүр мен ғұрып»-16, «Өлкетану»- 4, «Әжемнің ертегілері»-3, «Балалар әлемі» -5, «Оқуға құштар мектеп» бағытындағы жұмыстар.

Мектебімізде Қостанай ауданының ұйымдастыруымен облыстық деңгейде «Ұлы даланың Ұлы есімдері» арнайы жобасы бойынша Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 180- жылдық мерейтойы шеңберінде қазақ күресінен ашық

турнир және «Поэзия, менің жүрегімде» атты поэзия кеші өткізілді. Кештің қатысушылары Ыбырайдың өлеңдерін жатқа айтып, көрермендерді тәнті етті.

М. Мақатаевтың 90-жылдығына, М.Хакімжанованың 115-жылдығына арналған 8- 10 сынып оқушылар арасында «Сөз құдыреті» көркем сөз байқауы болып өтті.

«Дәстүр және ғұрып. Өркендеу» арнайы жобасы былтырғы жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Мақсаты: жас ұрпақтың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту. Іс- шара бағдарламасы бойынша ақ жаулықты әжелеріміз қыз балаларға орамалдың қасиеті туралы, аяулыаналарымыз ақ бидайдың шығу тарихы жөнінде айтып, қыздарымызға қамыр илеуді, жайсаң жеңгелеріміз шашты және бетті дұрыс күту жолдарын түсіндіріп, шаш өруді үйретті. «Қолөнерден сыр ұққан шеберлер» тақырыбында қол өнер көрмесі ұйымдастырылды. Наурыз мерекесіне орай барлық сыныптар арасында «Наурыз кәдесі» шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Білім алушылар өз қолдарымен ұлттық орнаменті бар сыйлықтар жасады. Әлеуметтік желіге бейнеролик орналастырды. Бастауыш сынып ата –аналар арасында ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарымызды дәріптеу мақсатында: «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» және басқа да бірегей тағам түрлерін аспаздарды тарта отырып, жандандырып, бейнероликтер дайындалды.

«Үнем –қоғам қуаты» арнайы жобасы шеңберінде Балалардың түйсігінде үнем туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында, «Қағазды үнемдей білейік» тақырыбында жиын өтті. Жиын барысында балалардың кітапқа деген қызығушылығын оянып, оқулықты күтіп ұстау қажеттігін түсінді. Және мектепшілік макулатура жинау сайысы ұйымдастырылып, белсене қатысқан сыныптар облыстық деңгейде ақшалай сыйлықтарды иеленді. Мектебіміздің мәжіліс залында оқушыларға энергияны, қағазды, суды үнемдеу туралы бейнероликтер көрсетіліп, тазалыққа, үнемділікке тәрбиелейтін іс-шаралар өткізіліп отырылды. Барлық өткізілген жұмыстар аудандық білім бөліміне жіберіліп, ақпаратандырылды.

"Ұзынкөл жастары" ҚБ бастауымен № 2 ҰЖББМ педагогтары Солтүстік-Қазақстан облысы Пресноредуть елді мекені жанында орналасқан кезінде 1896-1921 ж.ж. өмір сүрген Архистратиг-Михайлов әйелдердің монастырі болған жерге барып келді.

«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасы бойынша мектебімізге балалардың ертегі әлеміне саяхаттау мақсатында І. Омаров атындағы облыстық драма театрының әртістері «Балалық шаққа саяхат» атты қойылымын көрсетті. Оқушылар әртістердің шеберлігіне разы болып, балаларымыздың бойында өзін-өзі ұстай білуі, кейіпкерлердің ойындарынан жаман, жақсы қасиеттерін ажырата білуді түсінді.

«Еңбек-елдің мұраты» арнайы жобасы аясында мектеп тәрбиеленушілерін еңбекке баулу мақсатында, ата – анасына көмек көрсету бейнеролигі дайындалды. Мұндағы мақсат оқушыларымызды ерте жастан еңбекке баулу, үлкен өмірге қадам басуға дағдыландыру. Мамандық бойынша балалардың түсінігін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілген

1 сынып оқушылары арасында «Менің кім болғым келеді?» тақырыбында аудандық бейнеролик байқауы өтті.

2022 – 2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыс жоспарының тақырыбы: «Тәлім мен тәрбие – қоғам құндылығы»

Мақсаты: Балаларды ең бастысы, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, дініне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт - дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде қалыптастыру.

Білім беру жүйесіндегі тәрбиенің басым бағыттары:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2. Рухани-танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбие; «Үндестік»

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Іске асырылатын тәрбиелік жобалар

1. «Отбасы-орта мектеп»,

2. «Оқуға құштар мектеп»,

3. «Еңбек – елдің мұраты»,

4. «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,

5. «Қоғамға қызмет»,

6. «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,

7. Қазіргі уақытта «Адал Ұрпақ», «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.

8. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек.

9. Дебаттың мақсаты-зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастырады, функционалдық сауаттылықты дамытады және болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болады.

10. 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдары пікірсайыс клубтары мен мектептің өзін-өзі басқару клубтарын ашуы, оның ішінде мектептің аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерінде пікірсайыс қозғалысының мектеп лигасын іске қосылды.

11. Ұлттық тәрбиенің бір бөлігі ретінде «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын жүзеге асыру және ұмыт бола бастаған дәстүрлерді жаңғыртуға

бағытталған құндылықтар жүйесі қалыптастырылды.

Әрбір бағыт «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылды:

Ақпарат көзі: «Мектеп сайты», «Мектеп Facebook», «Мектеп Instagram»

Нормативтік-құқықтық база, тәрбие жұмысын жоспарлау төмендегі тізім бойынша ұйымдастырылады және жүзеге асырылады:

1. БҰҰ-ның бала құқықтары туралы Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
4. 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
7. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

- ата-аналармен жұмыс;
- параллель сынып топтарымен жұмыс;
- үлкен командамен жұмыс істеу;
- мектептегі бос уақытты ұйымдастыру, ұжымдық – шығармашылық іс-әрекет;
- үйірме жұмыстары;
- спорттық-сауықтыру шаралары;
- мерекелер, концерттер.

Мектептің білім беру саласындағы басқару міндеттері анықталды:

- оқушылардың оқу, мәдени және қоғамдық іс-әрекеттерінің мотивтерін анықтау және дамыту;
- оқушылардың шығармашылық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру ортасының құрамдас бөліктерінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;
- қаладағы қосымша білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты кеңейту.

Оқыту формаларын таңдау мыналарға негізделеді:

- педагогикалық мақсаттылық;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;

- білім берудің аймақтық компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;
- сынып жетекшілері мен қосымша білім беру мұғалімдерінің кәсіби деңгейінде даму.

Бірнеше жыл ішінде мектеп қызықты, шығармашылық іс-әрекеттер мен оның негізгі құрамдас бөліктеріне негізделген өзіндік білім беру жүйесін әзірледі:

1. Бағыт: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа, заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын мемлекет пен қоғамның заңдарын игеру мен сақтау қажеттілігі бар патриот азаматты қалыптастыру мақсатында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды.

Нәтижесінде Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясында; Білім алушы оқушылар қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттері бойына сіңірді деп есептеймін;

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметтері артты.

Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуеті, әл – ауқаты күшейтілді.

2. Бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары, қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;
- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;
- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;
- мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарының мәдениетіне деген құрметке бағдарлау мақсатында көптеген біршама іс – шаралар мен жобалар

жасалынды. Нәтижесінде: Биыл жоспарға еңгізіліп жатқан Республика күнін мерекелеу аясында 19 қазан күні 1-11 сынып аралығында арнайы сынып сағаттары өткізілді. Бұл сынып сағаттарында оқушыларды Отан сүйгіштікке, патриоттыққа баулыды. Біздің мектебімізде қыз балалардың бойындағы инабаттылық, ибалылық қасиеттерін қалыптастыру үшін «Сырғалым» қыздар клубы жұмыс жасайды.

Сырғалым қыздар клубының негізгі идеясы: «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле»

Жыл бойы өткізілетін әдісі: білім алушы қыз балалар үшін сырласатын, пікірлесетін, жағдайларды талдайтын, дөңгелек үстел, шебер – сынып, кештер өткізілді.

Мақсаты: Мектептегі білім алушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру

Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыруы және мектеп білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру мақсатында көптеген іс – шаралар жүргізеді

Нәтижесінде қыз балалардың тәрбиесіне әжесі, анасы, жеңгесі, құрбысы бірлескен орта құрып, жұмыстар белсенді жүргізілді.

«Әжелер» ауылы қыз балаларға «қызды қырық үйден тыю», ұлттық бұйымдардың жасалу жолдарын үйретеді.

«Аналар» ауылы қыз балаларға ұлттық тағамдардың дайындалуын үйретеді.

«Жеңгелер» ауылы қыз балаларға өз бойларын күтуді үйретеді, Сырларымен бөліседі. Дастархан жасаудың мәдениетін көрсетеді.

«Құрбылар» ауылы қыз балаларға бет күтімін, сән үлгісін, шаш өру, әдеміліктің сырларын түсіндіреді. «Сырғалым» қыздар клубының жыл бойы жасалынған жұмыстары бойынша облыста және ауданда слет өткізіліп, тәжірибе таратылды.

Нәтижесінде Ұлттық құндылықтарды, салт – дәстүрлерді дәріптейтін, отбасы тұрмысына, үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыратын, тәрбиеден алған ілімдерін өз кәсібіне жарата алатын, кәсіпкерлікке ұмтылатын қыздардың қабілеті оянады.

Сонымен қатар «Азаматқа аманат» атты ер балалар жобасы жарық көрді.

Мақсаты: ер балалар тәрбиесі бойынша ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мен құқықбұзушылықтың алдын алу, ата, әке, аға, жезде тәрбиелік мектептерін іске қоса отырып, ер балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыру.

Нәтижесінде мектебіміздің ер балалары әкелерден күнделікті өмірде үйде айтыла бермейтін тұрмыста ер азаматқа қажет болатын ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ақыл кеңестер және қамшы өру, ертоқымның әбзелдерін, атты жүгендеу, құрал саймандармен жұмыс істей білу, шеге қағу, балға ұстау, арқанды, жіпті күрмелеп байлау және т.б қажетті дүниелерді көру арқылы үйренді.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие «Үндестік» Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасы мен мектеп жайлы оқу-тәрбие алаңын құруға бағытталған әлеуметтік әріптестік қағидаттары мен шарттары негізінде жүйелі, кешенді, үйлестірілген әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Консультативтік-ағартушылық бағыты бойынша іс – шаралар мен тимбилдинг, брифинг, кофе – мониторинг, кофе – брейк, түрлі конференциясы Ғылыми-әдістемелік бағыты бойынша -«Диалог» клубының «TEDx» форматындағы жұмыс жүргізілді. Ата-аналар лекторийі, профилактикалық бағыты бойынша да көптеген іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді. «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлескен жұмыс атқарылды. Ондағы басты мақсаты – ата-аналардың санасын оятып, психологиялық-педагогикалық білімдері мен дағдыларын арттырып, жан-жақты қолдау көрсету. Өз алдына білім беру процесінің барлық субъектілері, оның ішінде олардың ата-аналары мен мұғалімдері өскелең ұрпақтың мәселелерін шеше алатын алаң құру міндеті болып табылады. Дамытушылық бағыты бойынша жұмыс жоспарға сәйкес іс – шаралар атқарылды. Сонымен қатар Диагностика «Зорлық зомбылық» тест сауалнама алынып, «Жанұядағы қарым – қатынасты қалай қалыптастыруға болады» педагогикалық – психологиялық көмек көрсетілді;

Нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуеті дамыды. Мектебіміздегі жүйелі жүргізіліп жатқан жұмыстарының нәтижесінде отбасы дәстүрлері тәрбиесі жетілдірілді, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі күшейтілді. Ата-аналар мектеп қызметінің барлық салаларына белсенді тартылып отырады. Ата-аналарға оқыту консультация беру, тәрбие, ағарту мәселелерінде көмек көрсетіліп тұрады.

Балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, отбасыларда салауатты өмір салтын негіздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасалынды.

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін жайлы қауіпсіз мектеп ортасын құрылды.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстары биылғы жылы ата – аналар, оқушылар үлкен ақпараттар алды. Болашақ мамандықты таңдауға жасалған іс – шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

"Еңбек-елдің мұраты" арнайы жобасын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өскелең ұрпақты еңбекке деген сүйіспеншілікке баулу, қажырлы еңбектің арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру, еңбек мәдениетіне құндылықтарды баулу мақсатында «Үнем қоғам қуаты», Табиғат-күш пен шабыт көзі, Тұрғын үй экологиясы, Табиғаттағы және адам өміріндегі су қоймалары, "Ата-

аналарымыздың мамандықтары" атты тақырыптар қамтылып, алдын алу шарасы бойынша бейнероликтер жасалынып әлеуметтік желілерге жарияланды.

Экологиялық тәрбиелеу мақсатында «Табиғатты аяла» жас экологтардың, өлкетанушылар мен натуралистердің байқауы өткізілді.

Экономикалық тәрбие бойынша 8-10 сынып оқушылары аралығында мектеп оқушылары «Оқушылардың үздік мектептік ғылыми қоғамы» сайысының облыстық кезеңінде 1-орынға ие болды. Еріктілер еңбегі бойынша 8-11 сынып оқушылар аралығында өткен аудандық кезеңінде «Жүрек қалауымен жақсы істер» атты бейнероликтен 1-орынға ие болды.

6. Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша қалыптастыру.

Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыста өздерінің жеке қабілеттерін тең дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау, шындықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, Өз және басқалардың жетістіктерін барабар бағалау, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру қабілеттерін дамыту, оқуға деген құштарлығын сақтау, өзіне деген сенімді нығайту.

Осы мақсатта "Оқуға құштар мектебі" жобасы, Bookdating және буккроссинг форматында іс-шаралар кешенін өткізу, "Оқитын ата-аналар мен балалар" акциясы, Жазушылар шығармашылығы бойынша буктрейлерлер, «Зерде» конкурсы, Ақбота интеллектуалды марафоны, «Золотое руно» " Халықаралық зияткерлік сайысы , Оқушылардың ғылыми жобаларының республикалық конкурсы, Ғылым күніне қатысу «Азат» пікірлер сайыс алаңы осы іс – шаралар жыл бойы ұйымдастырылды. Нәтижесінде бала оқиды, жоба жасай алады әрине мұғалімнің бағытымен көмегімен. Сондықтан келесі оқу жылында оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Оқы, велосипед ұтып ал» жобасы іске асырылып жатыр. Яғни оқушыларға жазғы 3 айға тапсырмалар берілді. Осының нәтижесінде кітап оқитын бала саны өседі деп болжалды.

7. Бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру.

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы "оқушылардың дебаттық қозғалысы"жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы көпмәдени орта құру мақсатында «Қара шаңырақ» балалар және театр жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы шеңберінде құрылған «Ұстаным» дебат клубы іске асырылды. Нәтижесінде «Қара шаңырақ» балалар театры аудан төңірегінде ғана емес, облыстық «Армандастар» қойылымдар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әбіш Кекілбаев шығармалары желісінде өткен аудандық қойылымдар байқауында «Махаббат мұңарасы» қойылымымен жүлделі 1-

орынға ие болды. Абай Құнанбайұлы қойылымдар желісінде аудандық, облыстық қойылымдар байқауында «Қараша мен желтоқсан, сол бір екі ай» қойылымымен жүлделі Бас жүлдеге ие болды. Сонымен қатар біздің мектебімізде рөлдерді сомдау мақсатында үздік бейнероликтер түсіріледі.

8. Бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру мақсатында Салауатты өмір салты арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс – шаралар өткізілді. Дене тәрбиесіне байланысты әр күн сайын таңғы жаттығулар өткізілді. Сонымен қатар сыныптан тыс іс – шаралар, сынып жетекшілер мен мектеп медбикесі бірлескен жеке жұмыс жоспарға сай өткізілді.

«Денсаулық фестивалі-2022», Спорт секцияларының жұмысын ұйымдастыру, Жеке жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған мерейтойлық күндерге арналған іс-шаралар, Жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша онкүндік өткізу, Ұлттық отбасы күні, Денсаулық құпиялары, Ұйқы және оның адам денсаулығы үшін маңызы, Психологиялық денсаулық айлығы, Дүниежүзілік сүт безі қатерлі ісігі туралы хабардарлық күні және оған арналған айлық, Алкогольді тұтынудан бас тартудың ұлттық күнін және оған орайластырылған айлықты өткізу, Дүниежүзілік қант диабетіне қарсы күрес күнін өткізу, Халықаралық темекі шегуден бас тарту күні және оған арналған онкүндіктер өткізілді.

Әлеуметтік педагогтың атқарылған жұмысы бойынша мектепте сабаққа қатыспайтын тұрмысы қолайсыз отбасыларда тұратын кәмелетке толмағандардың тізімі жасалынып байланысқа шығарылды. Толық емес отбасыларды, оның ішінде қорғаншы не қамқоршы ер адамдар болып табылатын отбасыларды және өгей әкесі немесе анасымен бірге тәрбиеленетін отбасылардағы балалардың өмір сүру жағдайларын, өзара қарым-қатынастарын тексеру жұмыстары жүргізілді. Тұрақты негізде учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп денсаулық сақтау жүйесін тарта отырып, зорлық-зомбылыққа ұшыраған, мінез-құлқында ауытқушылығы бар, агрессия танытқан ата-аналарға түзету жұмыстары жүргізілді.

Барлық жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу іс шаралары өткізіліп, сол іс – шара туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жарияланып отырды. Халықаралық балаларды қорғау күн Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің халықаралық күні және оған орайластырылған айлық Жіті ішек инфекцияларының алдын алу бойынша онкүндік өткізу Денсаулық жолы кең ауқымды акциясы, ДӨС қалыптастыру бойынша ақпараттық-білім беру материалдарын тарату.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған

шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 бабы және Қазақстан республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 тамызында қабылданған «Қазақстан Республикасында орта білім жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралары туралы» № 812 Қаулысын және Алматы облысының білім басқармасының 2018 жылдың 15 қаңтарындағы № 29-н бұйрығын орындау мақсатында және аудандық білім бөлімінің 2018 жылдың 16 қаңтарындағы № 9-1- ө бұйрығы, мектепішілік 22.01.2018 жылғы № 611-07 бұйрық негізінде «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілді. Акция мақсаты - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасының балаларына, жетім балалар мен ата аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу шаралары тексерілді.

Барлық өткізілген рейдтік іс-шаралар бойынша бала еңбегін пайдалану фактілері анықталмады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ішкі істер бөлімшесімен бірлескен жұмыс жоспары құрылып, құқықбұзушылықтың алдын алу іс – шаралары жүйелі түрде өткізілді.(түңгі уақыттағы рейдтер, кездесулер, ашық үзілістер)

Біздің мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы акциялары жүргізіліп отырады. Мектеп қоғамдастығын сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» шыдамдылық ортасын құру жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту мақсатында «Адал Ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес сынып сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралары өткізілді. Негізгі бағыты – сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою. Нәтижесінде «Адалдық дүкені», сынып сағаты, жемқорлыққа қарсы акциялар жүргізілді. Білім алушылардың жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылығын 90 %-ға дейін артты.

«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасауда. «Мектеп Парламенті» құрамына «Жас Ұлан» ұйымы, «Жас Ұлан» ұйымының бастапқысы сатысы «Жас Қыран», «Жас инспектор көмекшілері» клубтары кіреді. Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары 2024-2025 оқу жылында жұмыс жүргізу мақсатында қазан айының 19 күні сайланып, оқу жылы барысында мектеп ұстаздарымен бірлесе отырып жүйелі жұмыс жүргізуде. Мектебімізде әр сыныптан барлық 8 фракцияға депутаттар

сайланды. Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар болғандықтан барлық бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Фракция мүшелерінің тікелей ықпалымен мектебімізде түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар, флешмобтар, экскурсиялар, турнирлер және т. б. игі істер атқарылуда. Мектебіміздің «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару мүшелері және фракция көшбасшылары туралы толық ақпарат және ұйым мүшелері ұйымдастырып отырған түрлі іс-шаралардың фото топтамасы мектебіміздің әлеуметтік парақшасында орналастырылуда. «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымында Президент, орынбасарлары және 8 фракция жұмыс жасайды. Әр фракцияны 8 көшбасшы басқарады, әр сыныптан фракцияларға депутаттар сайланған. Әр фракцияға тьюторлар (мұғалімдер) жетекшілік етеді.

«Мектеп Парламенті» құрамында төмендегідей 8 фракция бар:

1. Құқық және тәртіп фракциясы
2. Ақпарат және баспасөз фракциясы
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Қайырымдылық фракциясы
5. Экология және еңбек фракциясы
6. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
7. Мәдениет және өнер фракциясы
8. Дебат қозғалысының фракциясы

1. «Құқық және тәртіп» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: Кәмелетке толмағандардың кінәсінен және қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын нығайту мақсатында 2024 жылғы 26 тамыз-6 қыркүйек аралығында республика көлемінде өткізіліп отырған «Абайлаңыз, балалар!» республикалық акциясы аясында іс-шаралар өткізіліп, жұмыстар жүргізілуде.

Жас жеткіншектерге жолда жүру ережесін сақтауға, жол белгілерінің атқаратын қызметінің қандай екендігін үйрету мақсатында «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» тақырыбымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2. «Ақпарат және баспасөз» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: 5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күніне орай 2024 жылғы 5 қыркүйек күні оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту, тіл білімінің негізін қалаған тұлғаларды дәріптеу, Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу мақсатында «Тіл-достықтың тірегі» тақырыбымен мерекелік іс-шара, мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі» тақырыбымен кітап көрмесі өткізілді.

3. «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: 9 қыркүйек күні 9:00-10:00 аралығында оқушыларымыз тоғызқұмалақ тақталарымен блиц түр бойын

ойын ойнады. 8-13 қыркүйек күндері Астана қаласында 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары аясында тоғызқұмалақ ойынын «GUINNES WORLD REKORDS» кітабына тіркеу мақсатында республика көлемінде бір мезгілде өткізіліп отырған тоғызқұмалақ ойынына біздің де шәкірттер белсене қатысты.

4. «Қамқорлық» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Аналар күніне орай отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында "Мектеп Парламенті" өз«н-өзі басқару ұйымының "Қамқорлық" бағытының жылдық жоспарына сәйкес аға тәлімгер Мырзабай Н.М. және Бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен "Анашымның жанының саясымын" тақырыбымен сурет көрмесі өткізілді.

Мектебімізде біздің жерлесіміз, керемет қыз Юлия Завирюхаға көмектесуге бағытталған қамқорлық акциясы өтті. Ол ауыр сынаққа тап болып отыр - бүкіл бауырдың зақымдануы (шұғыл трансплантация қажет болған). Мектеп Парламенті қайырымдылық жәрмеңкесін жасап, 50 мыңдай қаражат жинап берді.

5. «Экология және еңбек» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: Мектеп Парламенті "Күзгі асар" жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 1-10 сынып оқушылары өздері жасаған қолөнер бұйымдарын, күзгі икебаналарды, көкөністен жасалынған заттарды ұсынды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында барша қазақстандық оқушыларды мектеп формасын сақтауға шақырады. Шәкірттеріміз республика көлемінде өткізіліп отырған «Үлгілі сынып» челленджін зор құрметпен қабылдай отырып, ерекше ілтипатпен челленджді жалғастырды.

6. «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді: Ұстаздық-киелі де, шоқтығы биік мамандық. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойларына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беру ұстаздар қауымының басты ұстанымы. «Адамның адамшылығы-жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, ұстаздың тәрбиесі мен тәлімі шәкірттердің мәңгілік жан азығы. Саналы да сапалы білім беру үрдісіндегі ұстаздың шынайы еңбегіне алғыс айтып, қадірлі мамандық иелеріне құрмет көрсету - әрбір азаматтың парызы. Өскелең ұрпақтың болашағына жауапты кәсіп иелерінің қажырлы еңбегі ұдайы жоғары бағаланып, мәртебелері бен мерейлері асқақтай берсін деген ниетпен 1-11 сыныптарының жетекшілері «Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбымен тәрбие сағатын өткізді.

7. «Мәдениет және өнер» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді:

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушыларға білімнің басымдылығы мен маңыздылығын ұғындыру және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбымен білім күнінің салтанатты жиыны өткізілді. Жас жеткіншектерді Отанын, елін, халқын, жерін сүюге, құрметтеуге баулу, оларға еліміздің ертеңі жастардың қолында екендігін ұғындыру, ана тілін құрметтеуге, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 2024 жылғы 24 қазан күні Республика күніне орай мектебімізде

"Менің Елім-Мәңгілік ел!" тақырыбымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
8. «Дебат қозғалысы» фракциясының жылдық жоспарына сәйкес төмендегі тізімдегі іс-шаралар өткізілді:

2023-2024 оқу жылында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық, парасаттылық ұғымын насихаттау мақсатында тәрбиелік мәні бар бірыңғай "Әділетті Қазақстан - Адал азамат - Озық ойлы ұлт" тақырыбында адалдық сағаттары өткізілді. Іс-шараға "Адал ұрпақ" ерікті клубының мүшелері, «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері, «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері белсене қатысты.

Келесі 2023 – 2024 оқу жылында І бағыт Жаңа Қазақстан патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, Құқықтық тәрбие, II бағыт Рухани адамгершілік бағыттарына баса назар аударып түрлі іс – шаралар, кездесулер, отан сүйгіштікке баулу шараларын ұйымдастыруды жоспарланды. Болашақта балаларды ең бастысы, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде және Абайдың 5 асыл ісі (Талап, еңбек, терең – ой, рахым, қанағат,) құндылықтарын қалыптастыру мақсатында жұмыстары күшейтіледі.

2023 – 2024 оқу жылы Қазақстан республикасының Оқу-ағарту министірлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жасалған тәрбиелік жұмыс жоспарының тақырыбы: «5Асыл іс» мектебінің «Біртұтас тәрбиедегі» ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы:

Миссиясы: Еңбекқор, талапты, терең ойлайтын, қанағатшыл, әр кезде рахым жасай алатын, білімді, тәрбиелі ортада жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адал, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен елжандылыққа, талапшылдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, танымды жоғарылатуға, абыройлы болуға, ар-ұждан, терең ойлай білуге, қанағатшыл болуға, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, рахымшылдық пен әділдік, қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, елжанды, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет

тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік талаппен қарайды, әдепті және рахымды, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, қанағатшыл болады, тереңінен ойлай алады, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

«Ұлттық мүдде» құндылығы:

- Қазақстан мемлекетінің Заңдарындағы талапты басшылыққа алу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, аянбай еңбек ету;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясында талап қоя алады;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет етеді, қанағат пен төзімді өзіне дос ете алады.;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, рақымшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихына терең еніп, құрметтейді
- Еңбекті жоғары бағалайды
- Кәсіп түрін ерте жастан таңдай алады
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеуді тереңінен ойлайды
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары, басқалардан да талап ете алады

«Ар-ұят» құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет және еңбек ету
- Әдеп нормаларын ұстану, басқадан да талап етуді біледі;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, қанаға;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік, рақымшылдық таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезінеді, тереңінен ойлайды.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды, қанағатшылдықты басшылыққа алады;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, әлсізге рақымшылық жасайды.

«Талап» құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға терең оймен құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтауда өзіне талап қоя алады;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды, еңбекті қадірлейді;
 - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбие құндылықтары	Негізгі индикаторлар	Қызмет құралы
Ұлттық мүдде (мемлекетшілдік)	Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге талап қоя алу; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Заң талаптарын қатаң сақтауға дайын болу, құрметтеу	«Мектеп парламенті»; «Дебат қозғалысы»; «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» Педагогикалық ұжым Мектептің оқушылар жиыны «Жас сарбаздар» клубы
Ар-ұят	Академиялық адалдық қағидатын қолдау; Сөзіне берік, ісіне адал болу; Отбасының, өз ортасының абыройын асыру; Отбасы, Отаны алдындағы борышын білу; Мектеп ережесіне бағыну Жаман әдеттерден аулақ болу Салауаттылық салтын сақтау Салт – дәстүрді сақтау	«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» бірлестігі Педагогикалық ұжым «Ата - әжелер» клубы «Сырғалым» клубы «Азаматқа Аманат» клубы «Жас сарбаздар» клубы «Адал ұрпақ» клубы
Талап	Сыни және креативті ойлау; Физикалық белсенді болу; Салауатты өмір салтын ұстану; Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну; Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;	Педагогикалық ұжым Мектептің оқушылар жиыны «Жас ұлан» ұйымы «Азаматқа аманат» ата, әке, аға, жезде мектебі «Қамқоршылық» кеңесі «Оқуға құштар мектеп»

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде Ұлттық-мүдде, Ар-ұят, Талап төмендегідей қызмет құралдары арқылы іске асырылады.

Және әрбір өткізіліп жатқан іс – шаралар мектебіміздегі барлық ұжым ішінде сынып сағаттарымен бірге сабақ барысында, сабақтан тыс іс – шараларында да «Біртұтас тәрбие» жүйесі жүзеге асырылады.

Ұлттық мүдде, Ар – Ұят және Талап құндылықтары бойынша

2023 жылдың 1 қыркүйегінде мектебімізде «Мектебім – мейірім мекені!» деп аталатын тәлімсәт өткізілді. 1-сынып оқушыларына Алғашқы

қоңырау күні, олар қоңырау, сабақ пен үзілісі бар жаңа өмірге енді қадам басып келеді. Білім күні дәстүрлі түрде мектеп шеруімен өткізілді – бұл ең маңызды оқиға, осы кезде оқушылар білім күніне құттықтаулар айтып, мұғалімдеріне гүл сыйлап, мерекелік іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай мектебіміздің акт залында 8-11 сынып оқушылары үшін «Қожа Ахмет Яссауи даналық тағылымы» атты бейнеролик көрсетілді. Көрсетілім барысында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барған оқушылар өз ойларымен бөлісті. Кітапханада, Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай көрме ұйымдастырылды. «Азаматтық қорғаныс-басты назарда!» атты машықтау (эвакуация), түсінік іс-шарасы өткізіліп, барлық мектептегі қызметкерлер, оқушылар, мектеп ұжымы машықтанды. Осы машықтану нәтижесінде кез-келген оқыс оқиғаға мектеп оқушыларының даяр екендігі байқалды.

Қазан айында Алаш азаматтарын ұлықтау айында мектепалды даярлық сыныптарымен 1- 11 сынып аралығында «Отаным менің-Қазақстан!» атты Республика күніне арналған бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 7-11 сыныптарында «Ата – ана академиясы» жобасы негізінде Ата – аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында төменгі тізімдегі ата – аналар тәрбие сағатын өткізіп, өз белсенділіктерін танытты.

Сонымен қатар «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Менің Отаным» атты фестиваль мәжіліс залында жоғары деңгейде өткізілді. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы негізінде 5-11 сыныптар аралығында «Суырып салма ақындар» байқауы өткізді. Бұл байқаудың мақсаты- айтысты шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасын жан – жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге тәрбиелеу, өз халқына және оның дәстүріне деген құрмет сезімі, талантты шығармашылық жастарды анықтау аралығында өткізілді. 8-11 сынып оқушылар арасында «АЛАШ» партиясының көшбасшыларына арналған пікірсайыс турнирі өткізілді. Бұл пікір сайыста Әлихан Бөкейхановтың экзистенициялық жолы мен қызметі қарастырлып, өмірлік мұрағатынан құнды деректер беріліп, қоғам қайраткерінің алаш партиясындағы алар рөлі талқыға салынды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 1-4 сыныптар аралығында адам еңбегінің маңызын түсіндіретін тәрбиесі зор іс шаралар жүргізілді. 5-11 сыныптар аралығында «Терроризм – қазіргі заманның қаупі» атты діни экстремизмнің алдын алу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша поэзия айында арнайы жоспар бойынша Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жылдыға орай мектепішілік «Айдыны кең арқалы ақын – Ғафу Қайырбеков» атты әдеби кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл кеште Ғафу Қайырбековтың шығармалары мен әндерін нақышына келтіре жатқа айтты, жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталды. 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай әр сыныпқа төл теңгеміздің макетін жасау тапсырылып, жәрмеңке ұйымдастырылды. Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай мектебіміздің кітапханасында ақын өмірімен танысу мақсатында ашық есік

күні ұйымдастырылды.

Желтоқсан «Қазақстан - ұлы дала елі» айында «Көк тудың желбірегені» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізіліп, қорытындысында «Желтоқсанның құрбандары» тақырыбында мектепшілік көрме ұйымдастырылды. Отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Мен және менің жанұямдағы әдет - ғұрыптар» атты бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерге салынды және барлық оқушыларға көрсетілді. 9-11 сынып оқушылары арасында «Азат» дебат клубы жетекшісінің ұйымдастыруымен өткен «Тарих пен тіл тамырлас, тарих пен тіл ажырамас» атты пікірталас өткізілді. Пікірталас барысында қатысушылар өзіміздің тарихымызға үңіліп, тіліміздің құдіретін жетік түсіндірді. Мектеп парламенті көшбасшыларының ұйымдастыруымен өткен 5-11 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектебі» жобасы аясында «Бейбітшілік пен келісім сабағы» форумы өтті. Бұл форумда дебат және ақпарат фракциялары оқушыларға кинодан үзінді көрсетіп, еліміздің тыныштығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаңтар «Ұлттық код» айында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1-11 сыныптар аралығын «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» атты қызықты үзілістер өткізілді. Үзіліс барысында асық ату, сақина салмақ, теңге алу, арқан тартыс сияқты ұлттық ойындарымыз насихатталды. 9-11 сынып оқушылары «МАМАНДЫҚ TIME» кәсіби бағдар беру аясында Тобыл қаласының өрт сөндіру бөлімі және полиция бөлімшелеріне экскурсия жасады. Экскурсия барысында осы мамандықтарға қызыққан оқушыларымыз өз сұрақтарын қойып, белсенділік танытты. Оқушылардың экологиялық өмір салтына қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Болашақ үшін бір минут» тақырыбындағы облыстық бейнеролик байқауынан 4 және 10-сынып оқушылары өздерінің табиғатқа қосқан үлесі жайлы баяндап, I жүлделі орынды иемденіп, қазіргі заманауи «Алиса» құрылғысы мен құлаққап ұтып алды.

Ақпан «Оқуға құштарлық» айында 5-7 сыныптар аралығында кітапханада мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынталарын және қазақша сөйлеу мәнерлерін арттыру мақсатында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты мақалдар сайысы болды. Сайыс барысында сынып оқушылары өздерінің сөзге шешендігімен және мақалды жатқа айтып жарысудан белсенділіктерін танытты. 8-11 сыныптар аралығында мектебіміздің акт залында «Тарихқа тағзым» диспуты болып өтті. Бұл диспутта оқушылар тарихы тереңде жатқан ел тынысын, қарсы топқа дәлелдеп, өз пікірлерін жандандырды. Оқушылар ішінен сөзге шешен, дарынды балалар көзге түсті. Ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Қалдықты табысқа айналдырайық!» әлеуметтік жобалар фестивалінде, тұрмыстағы қолдануға жарамсыз немесе қайта өңдеуге болатын заттардан түрлі бұйымдар жасап, жәрмеңке өткізілді. Үштік одақ: мұғалім, ата-ана және оқушы арасында «Әдепті адам.... әдемі адам» атты брифинг өткізілді. Әр мүше осы тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, талқылады. Көбіне ата-аналар мен оқушылар әдептілік, әдемілік жайында өз ойларын толықтырып отырды.

Наурыз – ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айында Наурыздың алғашқы

мерекесі болып саналатын «Алғыс айту» мерекесі таңғы уақыт кезінде мектеп оқушыларын мектеп басшысы мен ұстаздар қауымы өз қамқорлықтарын көрсетіп, қарсы алды. Оқушыларда өз ұстаздарына және мектеп қызметкерлеріне деген ыстық ықыластарын білдіріп, ашық хаттарын таратты. Сонымен қатар сынып жетекшілер оқушылардың жанұяға, ата – анаға, үлкен кішіге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Мың алғыс...» атты бейнероликтер түсіріп, әлеуметтік желілерге жариялады. Домбыра үнін жоғалтпай, күмбірлеген күй мен саз дауысты әуендерді домбыраның құлағында ойнап, жастардың қасиетті аспапқа деген құлшынысын ояту мақсатында «Домбыра party» домбырашылар музыкалық алаңы өткізілді. Бұл алаңға мектебіміздің 32 домбырашысы қатысып, өздерінің өнерлерін көрсетті. 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесіне орай мектебімізге ақ жаулықты аналар шақырылып, мерекелік іс-шара өткізілді. Іс –шара барысында оқушылар өз аналарына деген махаббаттарын білдіру үшін, тақпақтарын оқып, әндерін шырқады және қазақтың ұлттық аспаптарында ойнап, кішкентай бүлдіршіндеріміз өздерінің қойылымдарымен отырған көрермендерді тәнті етті. 14- Наурыз Көрісу күніне орай «Амал мерекесі» мектеп ішінде бір-бірімен көрісуден бастау алды. Мектебіміздің 1-қабаты мерекеге сай безендіріліп, мектеп басшысы оқушылар мен ұжымды мерекемен құттықтап, сөз сөйледі. Әрбір сыныптар ішінде Көрісу күнінің пайда болу тарихын түсіндіретін ақпарттық тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымына асхана қызметкерлері ыстық бауырсақ таратып, алғысқа бөленді. Өтілген іс-шара бойынша барлық сынып сағаттарының бейнеролигі жасалып, желіге жүктелді. Наурыздың 20-сы күні мектебімізде «Қош келдің, әз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Мерекеде киіз үй құрылып, дастархан қазақтың ұлттық тағамдарымен толтырылды. Сынып ішіндегі тәрбие сағаттарына ата-аналар шақырылып, Қыдыр ата батасын берді. Әр сыныпқа қазақтың ұлттық дәстүрлері бөліп беріліп, сахнада көріністерін қойды. Мұндағы мақсат оқушыларға қазағымыздың ұлттық дәстүрлерін дәріптеп, көрсету. Мектептің барлық оқушылары мен ұстаздары қазақтың ұлттық киімдерін киіп, әшекейлерін тағып, бір-бірін құттықтады.

«Мектеп парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының мақсаты білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік дағдыларын дамыту, білім беруі ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу. Өзін –өзі басқару ұйымы 8 фракциядан құралған: Құқық және тәртіп, ақпарат, спорт және салауатты өмір салты, өзін –өзі тану және бақыт, қамқорлық (еріктілер), мәдениет және өнер, дебат, экология және еңбек фракциялары. Әр фракцияның өзінің міндеті және атқаратын қызметі бар. Аталған фракциялардың мүшелері мектеп президентімен ақылдаса отырып, бекітілген жұмыс жоспарына сай жүйелі түрде жұмыстарын жүргізді. Мектеп президентіне үміткер әр жыл сайын мектеп оқушыларымен дауысқа салу арқылы тағайындалды. Сайлау алды үгіттеу жұмыстарына әр оқушы өзінің миссиясын ұсынып, насихат жұмыстарын жүргізді. №2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебінде «Мектеп Парламенті» мен «Жас Ұлан» басшысының

сайлауы өткізілді.

Мектеп Парламентінің сайлауына 3 оқушы қатысты. Олар: 1. Рспаева Асем, 2. Кабдуалиева Айлана, 3. Жумасаев Саят. Сайлаудың қорытындысы бойынша Кабдуалиева Айлана «Мектеп Парламентінің» басшысы болып сайланды.

«Жас Ұлан» сайлауына 10 оқушы қатысты. Олар: 1. Даулетбаева Дильназ, 2. Даулетбаев Қуаныш, 3. Қанатқызы Аружан. Сайлаудың қорытындысы бойынша Даулетбаева Дильназ «Жас Ұлан» басшысы болып сайланды.

Қыркүйек айында денсаулық күніне орай өткен «Денсаулық – ел байлығы» тақырыбындағы іс – шараға мектептің барлық оқушылары, ата – аналары және мектеп ұжымы тартылды. Бұл спорттық іс – шарада барлық қатысушыларды қызықтыра білетін сайыс түрлері ұйымдастырылды. Сайыс соңында белсене қатысқан топтарды спорт фракциясы мақтау қағаздарымен марапаттады.

«Қамқорлық» фракциясының мүшесі қарттар күніне орай мектебіміздің ардагер ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтау мақсатында мерекелік іс – шара ұйымдастырды. Шақырылған барлық ардагер ұстаздар концертті тамашалап болған соң, мектеп оқушыларына өздерінің ұстаздық жолын баяндап, ойымен бөлісті. Бұл іс – шара арқылы мектеп оқушылары үлкенге-құрмет, кішіге-ізет етудің тәрбиелік қырын түсінді. «Қарттарым – асыл қазынам»

«№2 Ұзынкөл ЖББМ» - де, «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік іс-шара өткізді. Мерекелік іс-шараға білім ұйымдарында жарты ғұмырын ұстаздық қызметке арнап, ұрпақ тәрбиелеген ардагерге сый-құрмет көрсетілді. Қарт ұстаздарға мектебіміздің директоры Амрина А.А. сөз сөйлеп, ардагерлерге білім саласында атқарған өлшеусіз еңбектеріне алғыс айта отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Мерекелік іс-шара барысында әрбір қарт ұстаз көтеріңкі көңіл-күймен оқушыларға, ұстаздарға алғыс айтып, еңбектеріне табыс тіледі.

Ұстаздар күніне орай «Мәдениет және шығармашылық» фракциясы дублер күнін ұйымдастырды. Эмпатия құндылығы арқылы мұғалімдердің орнында бола білген оқушылар, ұстаздық жолдың қиын әрі қызық екенін түсінді. Дублер күні «Рахмет, сүйікті мұғалімім» атты мерекелік концертпен жалғасын тапты. Өздерінің ұстаз қауымына арнаған жыр шашуларын арнап, алғыс ретінде тәтті тілектерін таратты.

Мектеп жарғысын бұзатын оқушылармен алдын-алу кеңестері құқық және тәртіп фракциясы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірігіп, өткізіп тұрады. Азаматтық-құқықтық сана айлығы болып өтті. "Терроризм актісі туралы және Жолда жүру ережесі, Түнгі уақытта 23.00 үйде болу" және "Құқықтық сауаттылықты арттыру"

29 қараша күні Ұзынкөл ауданының криминалдық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі полиция капитаны Абилов С.Б. және Кәметке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Умбетова Д.К. 6-11 сынып оқушылармен "Терроризм актісі туралы және Жолда жүру ережесі, Түнгі уақытта 23.00 үйде болу" және "Құқықтық сауаттылықты арттыру" тақырыптарында профилактикалық әңгіме жүргізді. «Сырғалым» қыздар клубының (Әже, ана, жеңге, құрбы мектептері) мақсаты қазіргі қоғамдық

ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыру. Миссиясы: мектептегі білім алушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру. Мектепішілік 7-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз намысы-ұлт намысы» атты қыздар байқауы болып өтті. Іс-шараның қатысушылары ретінде аналар мен әжелер, жеңгелер мен қыздар болды. Бұл іс-шарадан алған тәжірибе қыз балалары үшін өте маңызды болды.

«Азаматқа Аманат» ер балалар клубы (Ата, әке, жезде, аға мектептері) әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жүзеге асырылады. Атқарылтан жұмыстар негізінен ұл балаларға тән қадір қасиеттерді басты назарға алады. «Әке-білек, саусағы-балалары, қан тамырларымен жалғасқан аралары» слеты болып өтті. Ол түрлі кезеңдерден құралып, аялдамалардан тұрды. Қамшы өру, ат әбзелдерімен танысу, шеге қағу, тақтай кесу сияқты түрлі тұрмысқа қатысты істерден тәжірибе алды. Ер бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін «Әке сіз сүрінбеңіз, мен сіздің артыңыздан еріп келем» тимбилдингі өте жоғары деңгейде болып өтті. Мұндағы мақсат әкенің қадірін түсіну, әкені әрдайым жоғары бағалау керектігін ұғыну.

«Азамат» әскери-патриоттық клубы - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуына ықпал ету мақсатында 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірмеге 75 оқушы қабылданып, рота командирі сайланды. Әскери патриоттық үйірме қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, мектеп Жарғысына және осы ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады. Әскери патриоттық үйірменің өз ұраны, гимні, киім нысаны бар. «Жас сарбаз» үйірмесі атаулы күндерге өз ашық сабақтарын, кездесулерін, жарыстарын жыл бойы өткізіп отырады. Республика мерекесі қарсаңында мектепішілік стенд газеттер шығарылды. Негізгі мақсаты тәрбиеленушілердің қазақ жеріне, халқына деген патриоттық рухын ояту. Сондай-ақ әскери-спорттық білімдерін шыңдау мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 10-11 сыныптар арасында саптық сайыс өткізілді. Нәтижесінде: үйірме қатысушыларының сабақтан тыс бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, оларды спорттық-тактикалық әдістерге, шыдамдылық пен өмірге деген құштарлыққа, өскелең ұрпақты азаматтық патриотизмге, жігерлілік пен ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелейді.

«Адал ұрпақ» клубының жұмысы оқушылардың бойында адалдық, парасаттылық, шынайылық қасиеттерін ояту. Осы тұста мектебімізде біртұтас тәрбие бойынша «Адалдық» дүкені болып өтті. Ол жерде оқушылар өздеріне қажеттілігі шамалы заттарды, басқа балалармен алмасу мақсатында сатылым жасады. Оқушылар ол заттың құнын өз адалдығымен бағалап, сатып алып

жатты. «Адал ұрпақ» клубының жұмысы әрдайым жетістікке жете білді. «Алаяқтар тоқта!» аудандық сурет байқауына мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды.

№ 2 Ұзынкөл орта мектебінің Адал ұрпақ командасы "Адал ұрпақ" патриоттық клубтарының аудандық сырттай байқауында Жас Қазақстан патриоттық әндер байқауында 3 орын алды Мектептің оқушылар жиыны әр дүйсенбі сайын жүзеге асады. Ең алдымен ҚР гимні орындалып, оқушылар апта бойы өздері жеткен жетістіктері бойынша марапатталады. Мұндағы мақсат жеңімпаз балаларды басқа оқушыларға үлгі ретінде мадақтап, оқушылардың бойында көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру. Апта бойы жүргізілетін жұмыстарды қортындылай отырып, алдағы жұмыс жоспарларымен таныстырылады.

«Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымы. «Жас Ұлан» ұйымы 2023-2024 оқу жылының басынан бастап, жүйелі жұмыстарын жүргізді. «Жас Ұлан» ұйымы мектепшілік өткен барлық іс-шараларда белсенділік танытты. Қыркүйек айының 2 аптасында «Жас Ұлан» ұйымының №1 отырысы болып өтіп, 7 бағыт бойынша ұланбасылар сайланып, олар өз міндеттері және ережелерімен таныстырылды. Жас ұлан белсенділеріне «Ұланбасы» кандидат ретінде Альдикенова Камила өзінің жылдық миссиясымен таныстырды. Таныстырылған жұмыс жоспарының нәтижесі мен сайлау қорытындысы бойынша Камила мектептің ұланбасы болып тағайындалды. «Денсаулық күніне» орай ұйымдастырылған Республикалық “Дене сергіту” челленджіне мектеп оқушылары түгел қатысып, белсенділіктерін көрсетті. Ашық үзілісте балалардың жолдағы өмір қауіпсіздігін еске түсіру мақсатында 1-4 сыныптар аралығында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты таныстыру жұмыстары болды. Мұндағы мақсат өз өмірінің өз қолында екенін жетік меңгерту. Балаларды өзін қоршаған ортада тазалық пен қамқорлықтың, жақсылық пен жарқын болашақтың маңызын түсіндіру үшін «Мектепке бір гүл» көгалдандыру акциясы өтті. Оқушылардың қарт кісілерді және ата-аналарын құрметтеуге, әрқашан құрмет, ізет көрсетуге шақыру мақсатында «Көп жасаған қария, ақыл теңіз дария» атты мектепшілік іс-шарада жасұландықтар өз қамқорлықтарын жасады. Келген қонақтарға гүл шоқтарын ұсынып, жыр шумақтарын арнады.

Қазан айында Жас ұлан ұйымының балалары «Мейірімділік-жүректен» аудандық еріктілер слеті «Green park» демалыс базасына барып, тәжірибе алмасып қайтты. Өз мектептеріндегі атқарылған жұмыстарын таныстыра отырып, сертификат пен Серикова Нұрайға арнайы алғыс хат пен 12.500 тг көлемінде ақшалай сыйлық берілді. Оқушылардың бір-біріне деген адал ниеті, мейірімділігін көрсету, жылулықты сездіру, үнемі позитивті жүруге баулу мақсатында мектепшілік «Құшақта» челленджі өтті. Оған арнайы безендірілген фоторамка жасалып, мектеп оқушылары, қызметкерлері мен ұстаздары фотоға түсті.

Мектебіміздің Жас Ұлан белсенділері “Менің Республикам” атты аудандық форумға қатысты және квест ойынында өздерінің білімдерін дәлелдеп, мағлұматтар алып қайтты. Квесттің нәтижесінде оқушыларымыз

жүлделі 1-орындарға ие болды. “Жас Ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен Ұлттық валюта күніне орай “Бір бауырсақ-бір Мақал” атты ойын түріндегі іс-шара өтті. Мұндағы мақсат оқушылар арасында мақал-мәтелдерді насихаттап, олардың мән-мағынасын саралау. Ойын барысында оқушылар мен мектеп мұғалімдері белсенді түрде қатыса білді. Барлық белсенді қатысқан барша оқушылар мен ұстаздарға бауырсақ таратылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 8-9 сыныптар арасында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» атты сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесінің мазмұны оқушылардың бойында салауатты өмір салтын дамыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау, жаман аурулар туралы білімдерін жетілдіру. Мектепшілік бастауыш сыныптар арасында өз қолдарымен жаңа жылдық ойыншықтар жасау жарысы өтті. Жасалған ойыншықтар мектептегі шыршаны безендіруге қолданылды. Мұндағы мақсат оқушыларымызды еңбекке, шығармашылыққа баулу. Жеңімпаздарға мадақтамалар мен тәтті сыйлықтар берілді.

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері жоспарына сәйкес жыл бойы әрдайым бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, қаржылық көмек көрсетіп отырады. Мектебіміздің 5-7 сынып ұл балалары арасында «Бала сұлтаны» сайысы өткізілді. Сайыс ұлдарымызды қайсарлыққа, ержүректілікке тәрбиелейтін кезеңдерден тұрып, өздерін жақсы қырынан көрсете білген, жеңімпаздар марапатталып, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Қамқоршылық кеңесі өзінің жұмысын үнемі жандандыра білді. Оның дәлелі ретінде «Армандастар» би байқауының аудандық кезеңінде биші қыздарымызға түрлі ұлттық киімідермен қамтамасыз етіп, демеушілік жасады. Аудандық деңгей көлемінде «Үздік қамқоршылық кеңесі» облыстық қашықтық байқауына қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді. Қамқоршылық кеңесінің бракераждық комиссия мүшелері ыстық тамақ ішетін балалардың сапалы тамақтануын және ас мәзірін, асхана тазалығын тексеріп отырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқу жылының басынан бастап, мектеп оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыру, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру мақсатында «Ең үздік оқырман» байқауы бастау алды. Әр ай сайын мектеп оқушыларына белгілі кітап атаулары беріліп отырылды және тоқсан соңында оқылған кітаптар бойынша тест сұрақтарына жауап берді. Жинаған ұпай сандары бойынша келесі турға өткен оқушыларға хаттама толтырылып, басқа кітап атаулары тапсырылды. Жыл соңында өзін үздік оқырман ретінде дәлелдей білген оқушы мектеп ұжымы мен қамқоршылық кеңесінің мүшесі Туленовтар отбасының атынан, әр буын 3 велосипедке ие болады. «Оқы және өзгеге сыйла» буккросингі айдарыны бойынша арнайы «Абай әлемі» бұрышы әзірленіп, кітаппен толықты. Ондағы мақсат оқушылар өзіне ұнаған кітабын оқып аяқтап, басқа балалармен кітап алмасады. Мектеп ұстаздары арасында да бұл жоба жалғасын тауып, өзінің құпия досына кітап сыйлады. «Балалар және театр» жобасы бойынша мектебімізде «Қара шаңырақ» балалар театры жұмыс жасайды. Жетекшісі Атаканова Д.А. үнемі оқушылармен тығыз байланыста болып, аудандық, облыстық деңгейде өз қойылымдарымен түрлі жетістіктерге

жете білді. Театрдың әр қойылымы мазмұны терең әрі мағыналы, оқушыларға отбасы құндылықтарын көрсете білді. Аудандық театр қойылымы байқауында театр мүшелері «Ала-құла өмір» атты көрінісін қойып, өмірдегі болып жатқан келеңсіз оқиғалардың салдарынан, зардап шегіп жүрген жасөспірімдердің тағдырын көрсетті. Сонымен бірге «Алтын дән» мәдениет үйінде қала тұрғындары үшін «Адасқан өмір» қойылымын көрермендерге ұсынып, көрермен көзайымы бола білді. Облыстық «Ұлылар есімі» қойылымдар байқауына «Ұлтын сүйген Ахмет» көрінісін ұсынып, жүлделі орынға ие болды. Мектеп өмірінде де өздерінің белсенділіктерін таныта білген оқушылар, мектепшілік өткен жаппай ата-аналар академиясында «Барыңды бағала» отбасы құндылығын дәріптейтін қойылымын сахналап, ата-аналардың жүрегінен орын алды. «Қара шаңырақ» балалар театры аудандық деңгейде өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, «Үздік театр» атағына ие болды.

«Төрт тоқсан – Төрт өнер» жобасының басты мақсаты- балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, халықтың рухани игілігін мұра ету.

I тоқсанда бастауыш сыныптары арасында қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу мақсатында «Алтын сақа» акциясы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның негізі- әр сыныпқа асықты белгілі бір түске бояп, үнемі өздерімен бірге алып жүру қажеттілігін талап етті. Нәтижесінде оқушылар жауапкершілікке тәрбиеленді және үзілістерді тиімді пайдалану мақсатында асық ойындарын ойнады.

II тоқсанда 5-7 сынып оқушылары арасында «Ақындар айтысы» бастау алды. Нұржан атамyzдың Назымдары мен айтыстарын мектеп оқушылары жатқа айтып, мектеп оқушылары арасында насихаттап, аудандық, облыстық, Республикалық семинарларда өз өнерлерін паш етті. «Жыр алыбы -Жамбыл» облыстық айтысына Жақсыбай Ерсұлтан Махмұтұлының жетекшілігімен Едрес Әбілмансұр қатысып, өзінің шешендігімен, суырып салма ақындығымен ерекше көзге түсіп, жүлделі 1 орынды иеленді және Республикаға жолдама алды.

III тоқсанда 8-11сынып оқушылары арасында «Ұлттық өнер» көрмесі жүзеге асырылуда. Көрменің мақсаты оқушыларымыздың бойындағы ептілік, шеберлік қасиеттерін дамытып, өнерге баулу. Мектебіміздің 1-қабатында оқушыларымыздың қолөнерлерінен көрме ұйымдастырылып, көрсетілді. Алдағы IV тоқсанға «Туған өлкем» фестивалі көзделіп отыр.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында әр айға бекітілген құндылықтар бойынша сабақтар мен сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Қыркүйек айы-ынтымақтастық айы болып белгіленіп, мектеп, ата-ана және оқушы үштік одағы арасында түрлі іс-шаралар жүргізілді. Мұндағы мақсат: ата-аналар мен мектеп арасындағы көпірді жандандыру. Қазан айы оқушылардың өзін қоршаған адамдарға, достарына, ата-анасына және мұғалімдеріне деген құндылығын білдіретін құрмет айы болып белгіленді. Бұл айда сыныптарда құрмет құндылығы бойынша сынып сағаттары, мұғалімдерге, мектеп қызметкерлеріне жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында «Күлкі сыйлау» акциясы, оқушыларды туған жерін, туған елін ардақтауға

үйрету мақсатында 9-сынып оқушылары «Республика күнін», мұғалімге деген сыйластықты арттыру мақсатында 11-сынып оқушылары Мұғалімдер күнін, мектеп психологтары ұйымдастыруымен «Адал дос пен амал дос» тренингі, бастауыш сынып оқушылары арасында «Нөлдік төзімділік» акциясы өткізілді. Әрбір жүргізілген іс-шараның қорытындысы, оқушылардың бір-біріне деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастырды. Келесі қараша айы – жауапкершілік айы болды. Бұл айда оқу ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында «Істегісі келетін адам – мүмкіндік, істегісі келмейтін адам – сылтау іздейді» коучингі ұйымдастырылды. Коучинг барысында мұғалімдер өз өмірлерінің естеліктерімен бөлісті. Мектеп мұғалімдері жаппай «Екінші болма» кітабын оқып, өздерінің жаңа өмірге деген қадамдарының негізін қалады. Желтоқсан айында – Патриотизм айы өтті. Әр дүйсенбі сайын мектеп жиынында патриоттық әндерге деген сезімін арттыру мақсатында, әндер челленджі өткізілді. Бұл челленджде көбіне бастауыш пен орта буын оқушыларының қызығушылықтары басым болды. Патриоттықты арттыратын істердің бірі ретінде, әр сынып ішінде бір партаны қазақтың ұлы батырларымен немесе қазақтың ұлы жазушыларымен безендіріп, «Батыр партасы» деген атау берілді. Мұндағы мақсат оқушыларымызды елге қамқор, батыл, өз елінің тәуелсіз ұланы етіп тәрбиелеу.

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» жобасы аясында мектебімізде ата-аналар академиясы құрылды. Ата-ана мен сынып жетекші біріккен сынып сағаттары өткізілді, мұндағы мақсат мектеп өмірін ата-ана көзімен бақылау. Отбасы тәрбиесі бойынша ата-аналарда сұрақтар туындап жатырса, мектеп әкімшілігі мен психологтары үнемі қол ұшын соза білді. Ата-аналардан құралған «Даналық» мектебі, мектеп ата-аналарына қолдау көрсетіп отырды және өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Осы жоба бойынша, ата-аналарды қолдау орталығы ашылып, түрлі іс-шаралар жүзеге асып отырды. «АМАНАТ» партиясының бастамасымен ұйымдастырылған «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауатты арттыру курсына мектебіміздің 50 ата-анасы қатысты. Халықтың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы ата-аналарымыз қаражатты ұтымды басқарып, шығынды оңтайландыруды үйренді. Дәрістің ұзақтығы 5 күнді құрап, курс соңынан тыңдаушылар сертификатпен мадақталды.

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Ұзынкөл № 2 ЖББ мектебі көп жылдар бойы «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің балалар шығармашылық үйі», мәдениет орталығы, аудандық кітапхана, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы сияқты аудандық мәдениет мекемелерімен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді.

Мектептің біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын

арттыру және мектеп оқушыларының жеке тұлғасын дамыту үдерісін әртүрлі дамытушылық ортада жүзеге асыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға үлкен көмек көрсетеді және негізгі білім берудің тең, толықтырушы құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауына мектептің қосымша білім беру жүйесі ықпал етеді.

Жеке тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады:

Көркемдік-эстетикалық бағыт: хореографиялық, вокалдық, сурет салу, домбыра, театр үйірмелерінің жұмыстары өткізіледі.

Атаканова Диананың жетекшілігімен, 4 А сынып оқушыларының орындауында «Алтын балта» көрінісі қойылды. «Алтын балта» ертегісіндегі бай, кедей және шаруаның іс-әрекеттерін ортаға сомдап көрсетеді. Ертегіні кейіптендіруде балалар басты кейіпкерді, образды сахналау арқылы оны өз бойынан өткізеді.

Осы көріністер балаларға үлкен тәрбие береді. Баланың қиялын дамытып, армандауға үйретеді. Сондай-ақ баланың дұрыс сөйлеуін дамытады.

Дене шынықтыру және спорт бағыты: «Баскетбол», «Үстел теннисі», «Волейбол», «Футбол», «Асық ойындары», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» секциялары;

2022-2023 оқу жылында мектепте барлығы 11 үйірме мен спорт секциялары, 2023-2024 оқу жылы 11 үйірмелер мен спорт секциялары, 2024-2025 оқу жылдары 12 үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді.

Мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларының қызметімен қамтылған балалар саны 160 адамды (98%) құрайды. Үйірмелер мен секциялардағы сабақтар сабақ кестесіне сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: шығармашылық музыка-театрлық іс-шаралар, интеллектуалдық іс-әрекеттер, клубтық қызмет (мүдделер қауымдастығы), үйірме жұмыстары, спорт секциялары.

Мектеп оқушыларының үйірмелерге, спорттық секцияларға, мектептен тыс жұмыстарға мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және жұмысқа орналастыруға қолайлы жағдай жасалған.

2023-2024 оқу жылында үйірмелер мен секцияларға, мектептен тыс шараларға 160 оқушы (барлығы оқушы немесе 98%) қатысты. Биылғы оқу жылында өткен жылмен салыстырғанда 8 пайызға артқан.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей: мектептегі және мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға оқушылардың жұмысқа орналасуы жыл сайын артып келеді.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті санын атап өткен жөн. Үйірме жетекшілері балалардың қызығушылықтарын арттыруға және әртараптандыруға тырысады, бұл жарыстарда жақсы нәтижелерге әкеледі.

«Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының пікірсайыс қозғалысы ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын жүзеге асыру мақсатында іске асады. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатысуы өскелең ұрпақ – қоғамның болашақ көшбасшыларының белсенділік болашағын ашады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» (басшысы Токмурзов А.М.) жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру. Пікірсайыс қозғалысына қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады. Дебат - бұл нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, өзекті тақырыптар бойынша пайымдаулар, ой-пікірлер.

Жалпы дебаттық қозғалыстың мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өз және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;
2. Дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту;

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

9 қараша күні Балалар шығармашылығы үйінде аудандық дебат турнирінің 1/4 ойыны өтті. Ойынға 10 команда орыс тілді лига мен 4 команда қазақ тілді лигадан қатысты. 4 топ құрылып, ойындар бір уақытта өтті. 1/4 ойында 6 тақырып талқыланды. Ойынның нәтижесінде жеңімпаз командалар анықталып, олар Ұзынкөл ауданы облыстық дебат турнирінде таныстырады.

Қазақ тілді лигада «Ұстаным» командасы Ұзынкөл орта мектебі №2 көшбасшы болды, осы команда Қостанайға ауданның намысын қорғауға аттанады.

2022 жылдың 23 қарашасында алғаш рет оқушылар арасында аудандық «Болашақ» дебат турнирі болып өтті. Турнир екі лигада -орыс және қазақ тілдерінде өткізілді. Бұл турнир алғаш рет өткізілгендіктен, оқушылардың тілегі бойынша көрермен ретінде 12 оқушы қатынасты.

2022 жылы 1 желтоқсаны күні «Гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» акциясы аясында мектепішілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Дебат ойынына 4 командадан, 8 оқушы қатынасты.

Мысалы, «Оқушыларға мектепте оқығысы келетін пәндерді таңдауға рұқсат беру керек», «Қазақстандағы бүгінгі таңдағы ең басты мәселе», «Қазақ азаматтарының басқа ұлт өкілдерімен неке қиюы қате». Қарастырылған тақырыптар күрделі болғанымен, пікірсайысқа қатысушылар дебат этикетін сақтай отырып, өздерінің келтірген фактілерін дәлелдей білді. Қатысушылар көрсеткен шеберліктеріне байланысты, пікірсайыс соңында оқушылар марапатталды. «Дебат» қозғалысы бойынша оқушылармен жұмыстар алдағы уақытта да жүргізіле береді.

"Ұзынкөл жастары" қоғамдық бірлестігі Ұзынкөл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі жариялаған жобасы шеңберінде қыркүйектің 22 жұлдызында 2023 жылда Дебат ойынының қазақ лигасының жарысын өткізді. жарысқа 6 команда қатысты. Командалар Киев, Обаған және № 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектеп оқушыларынан құралды. Қарастырылған тақырыптары Бүгінгі күнгі білім берудің жағдайы болды. 1 орын "Ұстаным" командасы, 2 орын - "Алаш" командасы, 3 орынды ЗУМ арқылы қосылып ойнаған Обағанның "Азамат" командалары жеңіп алды. Үздік спикер атағына № 2 Ұзынкөл ЖББМ-нің 8 сынып оқушысы Әділхан Бейсекеев болды.

2024 жылдың 14 ақпаны күні Ұзынкөл №2 ЖББ мектебінде ақпан айының жұмыс жоспарына сай «Әдептілік (талап)» айы болғандықтан «Мұғалімнің әдептілігі талап па, әлде міндет пе?» деген айдармен пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс бұл жолы БПФ форматында жүргізілді. Пікірсайыстың осы форматта жүргізілуі оқушылардың қызығушылығын тудырды. Өз ойларын ортаға салған пікірсайысшылар, бірнеше фактілерді алға тартып, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 «Педагог мәртебесі» туралы Заңына да тоқталып, талқылады. Пікірсайыс өте жоғары деңгейде жүргізілді. Көркем-эстетикалық үйірмелер 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында студенттердің сыныптан тыс жұмысының маңызды саласына айналды. «Балалар және театр» жобасын іске асыру шеңберінде шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық дербестікті дамыту мақсатында, эстетикалық талғамын, театрға және театр іс-әрекетіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, театр іс-әрекеті арқылы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында «Мұрагер» атты театр үйірмесі жұмыс жасайды.

2024-2025 оқу жылының Біртұтас Тәрбие ұштағанының идеологемалары:

Ұлттық бірегейлік, Қоғамға қызмет, Экологиялық мәдениет, Құқықтық

мәдениет және медиа сауаттылық, Буллингсіз әлем, Тәрбие парадигмасын жаңарту.

Тәрбие парадигмасын жаңарту

Қазіргі қоғамның мәселелері	Шешу жолдары	Құндылықтар
Вейп	Тәрбиенің құндылыққа бағдарланған құзыреттілік тәсілдерін қолдану	Тәуелсіздік және отаншылдық
Нашақорлық		Бірлік және Ынтымық
Лудомания		Әділдік және жауапкершілік
Вандализм		Заң және тәртіп
Діни экстремизм		Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Буллинг		Жасампаздық және жаңашылдық
Зорлық-зомбылық		
Ысырапшылық		

Әр айдың іс-шаралары:

-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

-«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

-«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

-«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын:

-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

-«Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері.

-Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

-«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Білім беру ортасын құру және қолдау

- Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.
- Ынтымақтастық атмосферасын құру.
- Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.
- Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды.

Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру

- Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.
- Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату.

- Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.

- Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағытбағдар дәрістерін өткізу. Ынтымақтастықты қолдау

- Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.

- Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.

- Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.

- Жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен байланысты нығайту.

Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру • Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.

- Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.

- Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.

- Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын дамытуға мүмкіндік жасау. Оқыту және дамыту

- Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;

- Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.

- Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру.

- Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.

- Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану. Сабақтан тыс қызмет

- Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

- Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.

- Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.

- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Білім беру ұйымдары деңгейінде

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізуге;

- білім беру ұйымдарының вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті қоғамдастықтың

сұраныстарын және мемлекеттік органдардың басымдықтарын ескере отырып, білім беру қызметінің нысандарын, әдістерін таңдау дербестігін қамтамасыз етуге;

- сынып/куратор сағаттарын оқу процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтауға;
- білім берудің базалық құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);
- қоғамның отбасымен және серіктестерімен ынтымақтастық нысандарын кеңейту;
- белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына үнемі ішкі бақылау жүргізу.

Педагогтер деңгейінде

- оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұны зерттелетін, құндылықтарды оқыту мен тәрбие процесіне енгізудің ең тиімді жолдары талқыланатын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
- білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктіруін қамтамасыз ету (оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жаттығулар таңдау);
- оқу-тәрбие процесіне жобалық жұмысты кіріктіру;
- сыныптан тыс іс-шаралар нысандарын кеңейту (акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған қонақтармен кездесулер және т.б.);
- жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде

- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және оларды бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
- білім алушылардың даму динамикасын бақылау және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын (білім алушылармен жеке және консультациялар, педагогикалық кеңестер, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ) өткізу;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиенің өзекті тақырыптары және жасөспірім балалармен өзара бірлескен іс-шаралар, ата-аналар дәрістерін ұйымдастыру арқылы арттыру;

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған семинарлар өткізуде, бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды әзірлеуде қоғамдық ресурстық орталықтарды тарту;
- бірлескен мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ата-аналардың әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Қоғамдық серіктестермен өзара іс-қимыл деңгейінде

- ведомстволық ұйымдарды тәрбие міндеттерін шешуге тарту;
- жергілікті көрікті жерлермен танысу үшін сабақтар/ іс-шаралар ұйымдастыру (мұражай педагогикасы, театр педагогикасы, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға сапарлар);
- басқа білім беру ұйымдарының педагогтерімен, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату үшін жағдайлар жасау;
- шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін ынтымақтастықты жаһандық деңгейде кеңейту;
- білім алушыларды заманауи кәсіптермен және өзекті дағдылармен таныстыру үшін түрлі саладағы мамандармен мансаптық консультациялар ұйымдастыру.

Бастауыш мектеп түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау
- Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу
- Мемлекеттік тілді білу
- Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу
- Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну.
- Халықтың өткеніне, бүгініне және болашағына қатыстылығын түсіну
- Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, мемлекеттік мерекелердің мәнін түсіну .
- Халықтың өткеніне, бүгініне және болашағына қатыстылығын түсіну
- Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, мемлекеттік мерекелердің мәнін түсіну

Негізгі орта мектеп түлегі

- Азаматтық және ұлттық бірегейлікті білу және түсіну
- Мемлекеттік тілді меңгеру
- Отбасының дәстүрлері мен құндылықтарын білу
- Оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылық таныту

- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- Өзінің халқына деген сүйіспеншілігін білдіру және ұлттық мәдениетті құрметтеу
- Мемлекеттің дамуындағы ел бірлігінің маңызын бағалау және мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну
- Ұлттық және мәдени бірегейлікті сезіну
- Халық пен мемлекеттің тарихи жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту және мәдени мұрасын, дәстүрлерін әрі қарай ілгерілету
- Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге үлес қосу
- Отандық және әлемдік мәдениетті тану құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық таныту
- Өз Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің Егемендігі мен қадір-қасиетін тарихи аргументтерге сүйеніп қорғай білу.

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы.

Бастауыш мектеп түлегі

- Мінез-құлық нормаларын білу және оларды сақтаудың маңызын түсіну
- Командада жұмыс істей білу
- Басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білу
- Өзгені тыңдау, түсіну және диалог жүргізе алу
- Өзгелерге мейірімділік, жанашырлық таныта білу
- Айналасындағыларға көмек көрсету.

Негізгі орта мектеп түлегі

- Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну
- Сенімді қарым-қатынас орнату және ұжымда жағымды ахуалды сақтай білу
- Тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу
- Бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу
- Басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі

Басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінезқұлқыңызды сыни тұрғыдан

бағалау және түзету

- Өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіре алу
- Ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істей білу
- Басқа адамдардың даралығын ескере білу және өзгенің идеялары мен пікірлерін дұрыс қабылдау
- Қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, қақтығыстық жағдаяттарды шешуде сындарлы шешуге ұмтылу.

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Жауапты болу
- Уәделерді орындай білу
- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну.

Бастауыш мектеп түлегі

- Адамның қоғамдағы құқықтары мен жауапкершілігі туралы алғашқы көзқарастың болуы
- Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну
- Бастаған ісін соңына дейін жеткізе білу
- Өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін олардың моральдық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан талдай білу.

Негізгі орта мектеп түлегі

- Іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының болуы
- Моральдық нормаларға сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдай білу
- Оқу тапсырмасын орындауда табандылық, еңбекқорлықтың болуы
- Тапсырылған жалпы іс үшін сынып ұжымы алдындағы жауапкершілікті сезіну
- Басқаларға көмектесуге және әділдік, мейірімділік пен жауапкершілік танытуға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі

- Өзінің де, басқа адамдардың да әрекеттерін талдай білу
- Әділдік, мейірімділік және жауапкершілік таныту арқылы басқаларға көмектесуге дайын болу
- Кез-келген қызмет түріне немесе іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау
- Ақпаратты бағалау және талдау негізінде салмақты шешімдер қабылдау.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

Бастауыш мектеп түлегі

- Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
- Үлкендерге құрмет көрсету
- Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу
- Құқықтық жүйе мен адам құқықтарының негіздерін білу.
- Тәртіп пен әділеттілік нормалар мен ережелерін сақтау қажеттілігін түсіну
- Қоғамның қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету ретінде заң мен тәртіптің маңыздылығын түсіну

Негізгі орта мектеп түлегі

- Азаматтық- құқықтық білім туралы түсінігінің болуы
- Моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін білу
- Мектепте, қоғамда этикалық және құқықтық нормалар мен ережелерді сақтаудың маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі

Заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіре алуы және түсіне білу

- Құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдайларды шешуде өз бетінше қолдана білу
- Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ете алу
- Жағдаяттарды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдерді қабылдау.

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

Бастауыш мектеп түлегі

- Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
- Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
- Өзіне-өзі қызмет көрсету
- Еңбекті, өзінің және басқалардың еңбек нәтижелерін бағалау
- Еңбекті, мамандықтарды практикалық тұрғыда зерттеуге қызығушылық таныту
- Кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін еңбек қызметінің дағдылары жинақтау, еңбексүйгіштік, еңбекке баулу, табысты еңбектің маңыздылығын түсіну
- Уақытты тиімді жоспарлай білу және кез-келген іс-әрекеттің нәтижелеріне қол жеткізу және жақсарту үшін күш салу.

Негізгі орта мектеп түлегі

- Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну
- Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету
- Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау
- Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту
- Өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдылану
- Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі

- Мемлекеттің, қоғамның дамуы үшін еңбекті, өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалай білу

- Қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну
- Жасына байланысты қол жетімді әлеуметтік-еңбек рөлдерінде әлеуметтік маңызы бар еңбекке жасампаз, шығармашылық қабілетінің болуы
- Отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызы бар еңбек қызметіне қатысуға дайын болу
- Еңбек қызметінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі даярлау
- Жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере, білім мен кәсіби қызметті саналы түрде таңдауға дайын болу.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

Бастауыш мектеп түлегі

- Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
- Шығармашылық қиялға негізделген өнер табысқа таныту
- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
- Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
- Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу
- Табиғи және әлеуметтік объектілер, тірі және жансыз табиғаттың байланысы, ғылым және ғылыми білім туралы алғашқы түсініктің болуы
- Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені бақылаудың, жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы
- Түрлі объектілердің жеке белгілерін салыстыра білу, жалпы белгілер бойынша талдау, біріктіру
- Қарапайым өлшеулер жүргізу, практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алу
- Зерттеуге, экспериментке бағытталған жобалық тапсырмаларды орындау

Негізгі орта мектеп түлегі

- Бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу қабілеті; модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөліп көрсету, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау
- Оқу міндеттерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаны қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуде қолдану
- Әр түрлі таным құралдарын қолдану, әлем туралы білімді жинақтай алу (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі

- Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу;
- Ғылымның қоғам өміріндегі маңыздылығын дәлелдеу;
- Себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу, неғұрлым күрделі нақты байланыстар мен олардың тәуелділіктерін зерттеу;
- Сыни тұрғыдан ойлау, сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы түсініктерді сыни көзқарастың болуы;
- Фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу, білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені түсіну, зерттеу дағдыларының болуы.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты мен міндеттері:

- Оқушылардың азаматтық, патриоттық және адамгершілік қасиеттерін дамыту.

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасау.

- Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттау арқылы тұлғалық даму.

Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Оқушылардың өзін-өзі тануы, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі жетілдіруі, қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігін түсінуі.

Оқушылардың адамгершілік, ізгілік, әдептілік, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін арттыру.

Оқушылардың қоғамда өз орнын табуы, өзгерістерге бейімделуі, әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары.

«Қамқор»- Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«SMART BALA»- Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Ұшқыр ой алаңы»- Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал - жас өрен»- Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеяс арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Шабыт»- Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы»- кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебізде **«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»** атты сынып сабағы өткізілді. Бұл іс-шараның басты мақсаты – оқушыларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру.

Балалар кітапханасы жобасы аясында мектептіміздің кітапханашы 3 «А» оқушыларымен бірге **«Жол жүрі ережелерін»** викторина түрде өткізді. Оқушылар жол жүру ережелері бойынша білімдерін тексеріп, түрлі сұрақтарға жауап берді. Барлығы белсенді қатысып, жолда қауіпсіздік сақтаудың маңызын түсінді.

Ережені білу – өміріңді қорғау!

Кітапханада “Өмір, мен сені сүйемін” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрме өмір, махаббат, тағдыр, адамгершілік тақырыптарына арналған шығармаларды оқырман назарына ұсынады.

Көрмеге қазақ және орыс тілдеріндегі танымал авторлардың туындылары қойылған. Мұнда Мұқағали Мақатаевтың “Өмір-өзен”, Сабит Досановтың “Вторая жизнь”, Қайролла Жөнегұлының “Сырық суам сәулесі” және басқа да шығармалар бар.

Кітап оқу – өмірді танудың ең жақсы жолы. Барша оқырмандарды көрмеден кітап алып, рухани азық алуға шақырамыз.

“Олардың игілігін ешқашан ұмытпаймыз” – Ауған соғысына арналған көрме Бүгін біздің кітапханада Ауған соғысының ардагерлеріне арналған көрме ұйымдастырылды. Бұл соғыс 10 жылға созылып, мыңдаған қазақстандық азаматтардың өміріне әсер етті. 22 000-нан астам жауынгер Ауған жерінде борышын өтеп, олардың 761-і ерлікпен қаза тапты, 21 адам із-түзсіз жоғалып, 1000-нан аса сарбаз мүгедек болып оралды. Көрмеде тарихи деректер, жауынгерлердің естеліктері, фотосуреттер мен кітаптар қойылды. Бұл – ерлік пен қайсарлықтың, Отан алдындағы парыздың көрінісі.

“Өмір сүр, кітап”!

Бүгін 3 “Б” сыныбымен қызықты викториналық ойындар мен сұрақ-жауап сайысын өткіздік! Ойын барысында балалар тапқырлығын сынап, жылдам ойлауды, логикалық қабілеттерін және сөйлеу шеберліктерін дамытты. Балалар белсенді қатысып, өз білімдерімен бөлісті, жаңа мәліметтер үйренді. Кітап – білімнің қайнар көзі! Осындай қызықты шаралар балалардың оқу дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады.

17.03 аудандық кітапханада «Живое слово» сайысы өткізілді, біздің оқушымыз Канат Аружан 3 орынға ие болды.

Қазақтың салт-дәстүрлері” көрмесі

Наурыз – тек көктем мерекесі ғана емес, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын дәріптейтін ерекше уақыт! Бүгінгі көрмеде ұлттық киімдер, тағамдар, аспаптар мен дәстүрлер туралы мәліметтермен танысып, ата-бабамыздан қалған мұраны жаңғырттық.

Осындай көрмелер ұлттық құндылықтарды насихаттауға, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Баршаңызды қазақ халқының бай мәдениетімен жақынырақ танысуға шақырамыз!

Құмаш Нұрғалиевтың 100 жылдық мерейтойына арналған көрме

Бүгін біз көрнекті тұлға, майдангер-жазушы Құмаш Нұрғалиевтың 100 жылдығына арналған арнайы көрмені назарларыңызға ұсынамыз. Өмір жолы мен еңбектері, ерлігі мен әдеби мұрасы – жас ұрпаққа үлгі.

Көрмеде оның шығармалары, өмірбаяны, марапаттары мен естеліктер

жинақталған. Сонымен қатар, арнайы QR-код арқылы Құмаш Нұрғалиев туралы фильмді тамашалай аласыз!

Әдебиет әлемінде көктем самалы аясында Бағдат Мәжитовтың «Ауылдың суреті» атты кітабы негізінде оқушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытып, ауылдың бейнесін елестетіп сурет салды. Олар өз жұмыстарында табиғаттың әсемдігін, ауыл көшелерін, үйлерді, мал жайылымдарын және ауылдағы адамдардың тұрмыс-тіршілігін бейнеледі. Әр оқушының суреті ерекше болып, олардың ауыл туралы түсініктері мен әсерлерін көрсетті.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы

«Дебат қозғалысы – жаңа заман талабы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Жас пікірсайысшылар ең танымал және көп таралған АПФ (Американдық Парламенттік Форматы) форматында ойнайды. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес.

Осы жоба аясында мектебіміздің дебат клубтың мүшелері көптеген сайыстарға қатысады. Мысалы, 2025 жылғы 01 ақпанында «Құқықтық сауаттылық және азаматтық ұстаным» атты YBYRAI CUP IV облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді. Жарысқа 36 команда келді. «Ұстаным» командасы 3 айналымда ойнап, жақсы нәтижелер көрсетті. Ойын Британдық үлгіде өтті. 2024-2025 оқу жылына арналған Ұзынкөл ауданының білім беру ұйымдарында дебат қозғалысын дамыту жұмысының жоспарына сәйкес, оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында өзекті жағдайларды талдау және көпшілік талқылау арқылы іс-шаралар ұйымдастырылды. Дебаттық турнир Балалар шығармашылығы үйінде өтті, 10-сынып оқушысы Төлегенова Тамирис "Үздік спикер" номинациясын жеңіп алды.

«Еңбегі адал- жас өрен» - бұл жоба білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Осы жоба аясында балалармен көптеген жұмастар өткізілді:

2025 жылғы 5 ақпанда 9-11 сынып оқушылары Малик Габдулин атындағы ТЖ департаментімен өткен кәсіби бағдар беру Zoom конференциясына қатысты. Бұл конференция барысында оқушыларға училищеге түсу жолдары, тапсыратын емтихандар мен нормативтер туралы түсіндірілді. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының “Ұзынкөл ауданының білім бөлімі” ММ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетімен бірлесіп кәсіптік бағдарлау кездесуі өткізілді.

Жоспарланған КРІ аясында К. Дөненбаева атындағы мектептің оқушылары ПК «Олжа Агро» агрохолдингіне барды. Экскурсияны өндіріс басшысы Жарқын Төлебай Қайдарұлы жүргізді. Оқушылар әртүрлі ауыл шаруашылық техникасының түрлерін көрді. Экскурсиядан тек жағымды әсер алды.

“Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!”.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Біз оның тазалығын сақтап, ресурстарын үнемдеу арқылы болашақ ұрпаққа аманаттап қалдыруымыз керек. Қазіргі таңда табиғатты қорғау – баршамыздың басты міндетіміз. Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Егер әрқайсымыз өз деңгейімізде қамқорлық көрсетсек, экология жақсара түседі.

Мақсаты: Табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Экологиялық сана қалыптастыру және табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оқушылардың өздерін табиғат қорғаушысы ретінде сезінуге ынталандыру. «Қамқор» жобасын бірге жүзеге асырып, табиғатқа пайдалы істер жасайық!

Қамқор жоба бойынша Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылған күніне орай өткен патриоттық акция аясында біздің мектептің оқушылары мен мұғалімдері ескерткішті тазалау жұмыстарына қатысты.

“Алғыс күні” 1 наурыз күніне арналған “Алтын жүрек” челледжіне орай мектептің еріктілер тобының балалары Романенко В.К.-ның зейнеткердің ауласындағы қарды тазалауға көмектесті.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында мектебіміздің қызметкерлері мектеп ауласын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының **“Шабыт”** жобасы аясында “Әншуақ” балалар әндері фестивалінде біздің мектебіміздің оқушылары қасып тұр. Осы жобы аясында аудандық хореографиялық бий саясы «Армандастар» 25 ақпанда өтті. Мектебіміздің Гауһар тас ансамблі 1 орынға ие болды. Мектебімізде балалардың таланттарын ашып, мәдени демалуына мүмкіндік беру мақсатында көптеген шығармашылық іс-шаралар өткізіледі.

Мектебімізде балалардың таланттарын ашып, мәдени демалуына мүмкіндік беру мақсатында көптеген шығармашылық іс-шаралар өткізіледі. Мысалы, **«Ана мен балақай»** байқауы 8 наурызға арналған іс-шарамыз өтті. Осы іс-шарада аналар мен ұлдар қатысты. Бұл байқау бастауш сыныптарға арналған болған. Осы сайыстың жеңімпазы Есенкелді Нурислам, анасымен марапатталды.

Келесі іс-шараның атауы **«Көктем аруы»** - бұл байқауында 5-10 сыныптардың арулары қатысты. Осы сайыста арулар өз таланттарды көрсетіп,

қойылған сұрақтарға жауап беріп, әң салып, домбырамен ойнап жеңіске жетуге армандады. Бұл байқаудың жеңімпазы 5 сынып оқушысы Нұрлан Нұрайлым марапатталды.

Мектебімізде Өзін өзі басқару ұйымы ұйымдастыруымен **“Қазақ ғалымдары”** атты мектеп театры өтті. Көрермен балалардың шығармашылығын тамашалап, оң бағаларын берді.

«Smart bala» - инновациялық жобалар конкурс арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» мектептің мүмкіндіктерін ескере отырып жасанды интеллекті қолдана отырып, командалық инновациялық жұмыстар байқауын информатика және жаһандық құзыреттіліктер пәнінің мұғалімдері өткізді.

“Біртұтас тәрбие” Smart Bala жобасын іске асыру аясында өткізілген сыныптан тыс іс-шара “Ғылыми-технологиялық революция”

Мақсаты: оқушыларды ғылыми-техникалық прогресс (FTP және FTPP) ұғымдарымен таныстыру.

Іс-шара барысында сабақтың барлық кезеңдері сақталды. Оқушылардың жас және жыныстық ерекшеліктері ескерілді. Іс-шарада келесі технологиялар қолданылды: АКТ, ЖАДА. Оқушылар жеке, жұппен және топпен жұмыс жасады.

Кәмшат Дөненбаева атындағы ЖББМ педагогикалық жасақ мүшелері 5-7 сынып оқушылары арасында Гарри Поттер туралы кітаптар мен фильмдерге арналған "Brain games" интеллектуалды ойыны өткізілді.

“Даналық мектебі” төрт тармақтан тұрады. Олар **Аталар өсиеті, Әжелер даналығы, Аға қамқоршылығы, Жеңге кеңесі** болып бөлінеді.

Ата кәсіп- берекенің бастауы, шеше көрен тон пішер, аға болсаң ақыл айт деген тақырыптарға оқушылармен сабақтар өтті.

Ата-аналармен ай сайын АПҚО - бағдарламасына сәйкес сабақтар өткізіледі. Сабақтар 3 бұынға бөлінеді :

- 1) МАДс, бастауыш сыныптардың ата-аналарға
- 2) Орта сыныптардың ата-аналары
- 3) Жоғары сыныптардың ата-аналары

“Даналық мектебі” аясында Жеңгелер мектебінің сабағы өтті:

Мектепте **“Даналық мектебі”** жобасы аясында Жеңгелер мектебінің сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрлерін, отбасылық құндылықтарды және әдеп нормаларын оқушыларға түсіндіру.

Сабақ барысында жеңгелердің жас келіндерге үйрететін тәлімдері, отбасы ұйытқысы ретіндегі рөлі, сондай-ақ ұлттық тәрбие мен ізеттіліктің маңызы талқыланды. Қатысушылар арасында сұрақ-жауап, ойындар және тақырыпқа сәйкес көріністер көрсетілді.

Бұл сабақ жас ұрпақтың ұлттық болмысты сақтап, рухани тәрбие алуына зор үлес қосты. Ата-аналар мен оқушылар мұндай іс-шаралардың тәрбиелік маңызын жоғары бағалады.

Мектебімізде **“Даналық мектебі”** жобасы шеңберінде ерекше тәрбиелік маңызы бар шара – Жеңгелер мектебінің сабағы ұйымдастырылды. Бұл сабақтың мақсаты – ұлттық салт-дәстүрлерді, отбасы құндылықтарын

насихаттап, жас ұрпақты қазақы тәрбиеге баулу.

Сабақ барысында жеңге институтының рөлі, оның отбасындағы орны мен міндеттері туралы айтылды. Жеңгелер жас қыз-келіншектерге отбасы ішіндегі қарым-қатынас, келіннің әдептері, ұлттық тағамдарды дайындау және басқа да маңызды тақырыптар бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Шара өте жылы, әсерлі әрі тәрбиелік мәнге толы болды. Қатысушылар өмірлік маңызы зор ақпарат алып, салт-дәстүрлердің маңыздылығын тереңірек түсінді. Мұндай сабақтар жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды қадам болып табылады.

“Жеңге мінезімен көркем” атты жеңгелер мектебінің сабағында, келіннің отбасындағы рөлі туралы сөйлескен болатынбыз. Және барлық жеңгеміз өзінің қандай жеңге екені туралы айтып берді. Сабақта видеоролик қарап, сабақ ортасында пікірталас болды.

Мектепте “**Даналық мектебі**” жобасы аясында **Аталар** мектебінің сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: Бала тәрбиесіне деген әкелердің көзқарастарын кеңейту, отбасында және бала тәрбиесінде әкелер мен ер-азаматтардың мәртебесін көтеру, қоғамда әкенің рөлін биіктету. Әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-пікірлерімен бөлісу. Отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру.

«Кәмшат Дөненбаева атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де «Даналық мектебі» клубының жұмысы аясында «**Әжелер даналығы**» мектебі және 9-11 сынып қыз балаларымен бірлескен «Әйел адамның отбасындағы рөлі» атты мектепшілік іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Қыздарды отбасындағы ананың рөлін көрсете отырып, халқымыздың сан ғасырлық мәдени жәдігерлері мен ұлттық құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру, отбасы тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету. Дана, кемеңгер, тәжірибесі мол әжелер арқылы отбасындағы ата-ананың ролін, ана тәрбиесі негізінде әкенің орнын, отбасы құндылығын түсінуге, ата-баба дәстүрін біліп, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсетуге білуге тәрбиелеу бағыттау жұмысы жүрді. Кездесудің түпкі мақсаты иманды да инабатты қазақ қыздарының бейнесін қалыптастыру еді.

Іс-шара барысында жағдаяттарды шешу (кей-стади), рөлдік ойын, ой қозғау әдістері қолданды. Әжелер қыздарымызға әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырды. Отбасындағы және әлеуметтік ортадағы ананың рөлдерін оқушы қыз балалар аналардың үй шаруасында отырып та, мансапты қызметте жүріп те немесе стандартты жұмыскер ретінде де отбасының ұйытқысы бола білу керек, отбасында қамқорлықта сүйіспеншілікте өмір сүру керек деген ұйғарымға келді.

Кездесу соңында қыз балалар соңында әжелерге арнап «Әжетайым» әнін орындап берді.

Клуб шеңберіндегі «**Аталар мектебі**», «**Әжелер мектебі**», «**Ағалар мектебі**», «**Жеңгелер мектебінің**» мақсаты - озық салт-дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу, отбасы тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық

әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;

ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;

өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен **күтілетін нәтиже:** позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі “Даналық мектебі” клубының сабақтары бойынша “Ата кәсіп - берекенің бастауы” тақырыбында 5 -7 сынып оқушылары мен **“Аталар өсиеті”** мүшелері арасында пікіралмасу өтті. Мақсаты-мамандық таңдауда ата ақылының маңыздылығын түсіну болды. Аталар оқушыларға өз кәсіптері туралы баяндап, мамандық таңдауда ықпал ететін жағдайларға тоқталып, кеңестер берді.

«Жеңгелер кеңесі» атты тағылымды кездесу өтті. Бұл іс-шараның мақсаты — ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтау, жеңгелер институтының тәрбиелік мәнін жас ұрпаққа түсіндіру. Шара барысында ауылымыздың ақылды, ибалы жеңгелері жиналып, өздерінің отбасындағы орны, қайынысы мен қайынсіңлісіне деген қарым-қатынасы туралы әсерлі әңгімелер айтып, оларды қалай еркелететінін, қандай ақыл-кеңестер беретінін бөлісті.

Сондай-ақ жеңгелеріміз өздерінің шеберліктерін де көрсетіп, мармелад пен мұз кәмпит жасау процесімен бөлісті. Қыздар қауымы тәтті тағам дайындаудың қыр-сырына қанығып, ұлттық тағам мәдениетіне қызығушылық танытты. Кеш соңында оқушылар жеңгелерге түрлі сұрақ қойып, олардың өмірлік тәжірибесінен мол мағлұмат алды.

Бұл кездесу оқушылардың бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды асыл қасиеттерді дарытатын, тәрбиелік мәні зор шара болды.

Мектепшілік психологиялық қолдау

•Ата-аналардың WeChat-тарына үнемі ақпараттар салынып отырады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдаудың өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» директоры жүргізетін Қостанай облысы білім басқармасының Румцпивр директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), жоғары санатты психолог Е.А. Петренко жүргізетін «Балалар мен жасөспірімдер туралы шындық» тақырыбында бейнехабарлама салынады

• Оқушылар және олардың ата-аналары, педагогтер үшін мектептің әр қабатында ақпараттық стендтер орналасқан.Оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі

•Апта сайын 1-11 сыныптарда аптаның әр сейсенбі күні «Құқықтық білім беру» сағаттары,сәрсенбі күндері 10 минуттық «Қауіпсіздік сабақтары» өткізіледі

- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдаудың өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» әзірлеп ұсынған буллинг/кибербуллингті анықтау кезінде білім беру ұйымының әкімшілігіне, директордың ТЖ жөніндегі орынбасарына, сынып жетекшісіне, психологқа, әлеуметтік педагогқа, және мұғалімдер мен ата-аналардың іс-қимыл алгоритмі үшін іс-қимыл алгоритмі таныстырылды, аталған тұлғалар өз жұмыстарында нұсқаулықты басшылыққа алады.

- Мектептің 5-11 сынып оқушылары арасында буллингтің алдын алу үшін сауалнама алынды. Сауалнамаға 58 оқушы қатысты. Нәтижесінде 86%-98%-ға дейін ешуақытта жәбірлеуге, мазақтауға оқушылар тартынып және мұғалімдер тарапынан ұшырамағандарын айтса 1 -2 оқушы әртүрлі жағдайларда бір рет мазақтауға немесе іс-шарадан тыс қалуға және мұғалім тарапынан өздерін ерекшелендіретін әрекеттер байқағанын айтады. Жекеленген сұрақтар бойынша оқушылармен жеке әңгімелер кеңестер, өткізіледі. Жоғарыда аталып өткендей, сауалнама нәтижесі бойынша мұғалімдермен әңгіме өткізілді.

- 14 ақпанда 5–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін суицидтік мінез-құлықтың, буллингтің және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша Бірыңғай облыстық ата-аналар жиналысы өтті.

- Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Дүниежүзілік қауіпсіздік интернет күні” тақырыбына сынып сағаттар өткізілді.

- Тоқсан сайын 5-11 сыныптар оқушылары арасында кәмелетке толмағандарға тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша жасырын сауалнамалар алынады. Нәтижесі талданып анықталған балалар болса жеке жұмыстар жүргізіледі.

- Тақырыптық сынып сағаттары жоспар бойынша өткізіліп отырады. «Көшедегі тәртіп пен қауіпсіздік ережелері туралы» (5-9 сыныптар), «Өз эмоцияларыңызды басқаруды үйреніңіз» (10-11 сыныптар), «Зорлық-зомбылықтың құрбаны болудан қалай сақтануға болады» (5-9 сыныптар), «Мейірімділікті сақтау заңдары» (1-4 сыныптар) т.б.

- 2025 жылдың наурызынан бастап біздің мектептің әрбір оқушысы қиын жағдайында көмек алуға мүмкіндік бар қорлау/буллинг, сіздермен мектепте болуы мүмкін. Егер сізге көмек қажет болса оны кез-келген уақытта QR коды-Актив “**STOP BULLING**” арқылы алуға болады.

- Зорлық- зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады? тақырыбында мектептің әлеуметтік педагог Муканова Ж.Е 6 сынып оқушылармен іс шара өткізді.

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері).

2022-2023 оқу жылында

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі («Қызықты математика», «Ғажайып математика», «Физика және техника», «Тіршіліктің негіздері», «Физика есептері мен оның шешу жолдары») сияқты вариативтік сабақтар оқушылардың коммуникативті және құзыреттілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Вариативтік компонент сағаттарын бөлу кезінде оқу материалдары мен ресурстарының болуы ескерілді. Сабақ кестесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин) санитарлық ережелерге сәйкес құрастырылды. Сабақ кестесін мектеп басшысы бекітті және Сан Пиннің 72-тармағына сәйкес мектептің ата-ана комитетімен келісілді. Аталған оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары 100% орындалды, оқу бағдарламаларының орындалуы директор жанындағы кеңесте талданды.

2023-2024 оқу жылында

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігіндегі («Қызықты математика», «Қызықты математика әлемі», «Ғажайып математика», «Занимательная математика с литературной минуткой», «Физика және техника», «Тіршіліктің негіздері», «Физика есептері мен оның шешу жолдары», «Тарихи тұлғаның қалыптасуына генетиканың әсері», «Тоғызқұмалақ») сабақтары оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, өз бетінше ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйретіп, шығармашылық, коммуникативті және құзыреттілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Вариативтік компонент сағаттарын бөлу кезінде оқу материалдары мен ресурстарының болуы ескерілді. Сабақ кестесі СанПиннің 72-тармақтарына сәйкес кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп басшысымен бекітілген. Аталған оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары 100% орындалды, оқу бағдарламаларының орындалуы директор жанындағы кеңесте талданды.

2024-2025 оқу жылында

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігіндегі («Қызықты математика», «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері», «Логика + математика», «Физика және техника», «Тіршіліктің негіздері», «Физикадан күрделі есептерді шығару жолдары», «Физикадан қиындығы жоғары есептерді шешу әдістері», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат») сабақтары оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, өз бетінше ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйретіп, шығармашылық, коммуникативті және құзыреттілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Вариативтік компонент сағаттарын бөлу кезінде оқу материалдары мен ресурстарының болуы ескерілді. Сабақ кестесі СанПиннің 72-тармақтарына сәйкес кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп басшысымен бекітілген. Аталған оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары 100% орындалды, оқу бағдарламаларының орындалуы директор жанындағы кеңесте талданды.

9-11 сынып түлектерін еңбекке орналастыру нәтижелері кестеде көрсетілген.

Жыл	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 (болжам)
Барлық 9, 11 сынып түлектері	22		
10 сыныпқа қалды	8		
Колледж	10		
ЖОО	4		
Еңбекке орналасты	0		
Шетелге оқуға кетті	0		
Жұмысқа орналаспаған	0		


2022-2023 оқу жылында оқушылардың **64%-ы** колледждер мен жоғары оқу орындарына түсті, **36%-ы** 10-сыныпта оқуын жалғастырды, Қазақстаннан шетелге оқуға кеткен оқушылар жоқ.



9, 11 сынып түлектерін еңбекке орналастыру нәтижесі

2023-2024 о.ж.

Жыл	2023 - 2024
Барлық 9,11 сынып түлектері	23
10-сыныпқа қалды	16
Колледж	6
ЖОО	1
Еңбекке орналасты	0
Шетелге оқуға кетті	0
Жұмысқа орналаспаған	0



6) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2023-2024 оқу жылында

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырда № 20744 болып тіркелді.) "Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы" бұйрықты негізге ала отырып "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті іске асыру жұмыстары мектепте жүргізіледі.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің №2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ «Денсаулығына байланысты балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2023 жылдың қыркүйек айының басынан 1 оқушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді.

№	Оқушының тегі, аты-жөні	Сыныбы	диагнозы
1	Сайдалин Амир Тахирулы	5	Орташа интеллектуалды артта қалу

5-сынып оқушысы Сайдалин Амир Тахирулы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның 15.08.2023 жыл №169 қорытындысы және ата-анасының өтініші негізінде, №2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебінің 06.09.2023 жылғы № 206 бұйрығы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыз №264 бұйрығының 10 тарау 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 3-6 қосымшасын негізге ала отырып оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10 сағат.

Вариативтік компоненттен түзету сабақтарына 1 сағат берілді. Инварианттық компоненттен «Тіл» - 2 сағат, «Математика» - 2 сағат, «Адам және қоғам» - 2 сағат, «Өмірлік дағдылар және өнер» - 3 сағат берілді. Оқу жүктемесінің көлемі Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрайды. Оқу жүктемесінің жалпы көлемі (бұдан әрі СанПин, 2021 жылғы 5 тамыздағы №611 бұйрығына ҚР ДСМ - 76 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге сәйкес құрастырылды.

Оқушының мектеп директорымен бекіткен және ата-аналарымен келісілген жеке сабақ кестесі бар. Құрастыру кезінде кестеде оқушылардың жеке ерекшеліктері, кемінде 10-15 минут үзіліспен сабақтың ұзақтығы ескерілді.

Педагогтар сабақ кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес тиісті күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды құрастырды.

Электронды журналға жазылған жазбаларды ұстаздар белгіленген мерзімде талапқа сай жүргізеді. Жиынтық бағалау нәтижелері журналға белгіленген мерзімде жазылды. Жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер өз бетінше құрастырды және тек оқушылардың өткен материалдарын қамтыды. Бағдарлама сағаттарын зерделеуде анықталғандай оқу бағдарламасы 100 %-ға орындалды.

Үйде оқыту кезінде оқушылардың денсаулығына байланысты физиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, мұғалімдер сабақты өткізуге сараланған тәсілдермен жұмыс жасатты: Сабақтарды өткізу кезінде мұғалімдер баланың психологиялық-педагогикалық дамуына ықпал ететін пәндік-практикалық әрекеттерді ұйымдастыра отырып, аралас оқыту әдістерін пайдаланды (сөйлеу, қарым-қатынас, есте сақтау, мотивация).

Жеке үйде оқыту кезінде айына бір реттен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары оқушылардың ата-аналарымен балаларының оқу үлгерімі туралы әңгімелесті. Үйде оқытудың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға ата-аналар тарапынан шағымдар түскен жоқ.

2024-2025 оқу жылында

2024 - 2025 оқу жылына арналған оқу жоспарының нормативтік құқықтық актілері:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (26.10.2023 жылғы №323 бастауыш сыныптардағы өзгерістермен), «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №9 қосымшасы;

- 2024-2025 оқу жылдарының әдістемелік нұсқау хаты (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама) негізінде

жүзеге асырылады.

Сайдалин Амир 6-сынып оқушысын үйде оқытуды ұйымдастыруға ата-аналардың өтініші, 16.08.2024 ж. №194 ДКК анықтамасы, 15.08.2024 ж. ПМПК қорытындысы негіз болды.

Оқу жұмыс жоспары екі бөлімнен тұрады : инвариаттық және түзету компоненті. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10 сағат. Вариативтік компоненттен түзету сабақтарына 1 сағат берілді.

Негізгі орта білімнің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компоненті төрт білім беру саласын қамтиды: «Тіл» -2 сағат, «Математика» - 2 сағат, «адам және қоғам» - 2 сағат, «Өмірлік дағдылар және өнер» - 3 сағат. Білім алушы үшін аптасына 10 сағат апталық жүктеме қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі нормаларға сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары 29.08.2024 жылғы № 1 хаттамасы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді.

Электронды журналға жазылған жазбаларды ұстаздар белгіленген мерзімде талапқа сай жүргізеді. Жиынтық бағалау нәтижелері журналға белгіленген мерзімде жазылды. Жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер өз бетінше құрастырды және тек оқушылардың өткен материалдарын қамтыды. Бағдарлама сағаттарын зерделеуде анықталғандай оқу бағдарламасы 100 %-ға орындалды.

Үйде оқыту кезінде оқушылардың денсаулығына байланысты физиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, мұғалімдер сабақты өткізуге сараланған тәсілдермен жұмыс жасатты: Сабақтарды өткізу кезінде мұғалімдер баланың психологиялық-педагогикалық дамуына ықпал ететін пәндік-практикалық әрекеттерді ұйымдастыра отырып, аралас оқыту әдістерін пайдаланды (сөйлеу, қарым-қатынас, есте сақтау, мотивация).

Жеке үйде оқыту кезінде айына бір реттен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары оқушылардың ата-аналарымен балаларының оқу үлгерімі туралы әңгімелесті. Үйде оқытудың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға ата-аналар тарапынан шағымдар түскен жоқ.

7) ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

2022-2023 оқу жылы:

Осы оқу жылында таңдау курстары мен факультатив сабақтары «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылған.

Осы оқу жылында Үлгілік оқу жоспарлары вариативті компонент сағаттарының есебінен ұсынымдарға сәйкес 5-10 сыныптарда төмендегі «Жаһандық құзыреттіліктер»вариативті курстары(5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағат, 9-10 сыныптарда аптасына1сағат) өткізілді:

5 сыныптарда – «Парасаттылық-кісілік қасиет»; жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6 сыныптарда - «**Азаматтық және патриотизм**»; Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қалыптастырады.

7 сыныптарда – «**Экологиялық проблемалар**»; экологиялық санасы дамыған, әлеуметтік бағдарланған тұлғаны қалыптастырады.

8 сыныптарда – «**Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық**»; қаржылық сауаттылық құқықтарын қолдану жолдарын ұсынады.

9 сыныптарда – «**Зайырлылық және дінтану негіздері**»; мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде зайырлылық туралы түсінік қалыптасады.

10 сыныптарда – «**Тіршілік қауіпсіздік негіздері**»- өмір тіршілігіне қауіпсіз және зиянсыз жағдайларын жасайды, экологиялық қауіпсіздік бойынша қазіргі заманғы талаптарға сай техника және технологиялық процестерді жобалайды.

2022-2023 оқу жылындағы зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, жарыстарға қатысу қорытындысы:

Аудандық деңгей:

1. Танатканов Санжар, 6-сынып, Республикалық балалар байқауының аудандық кезеңі, 3-орын
2. Шабдарова Куляш, 9-сынып, Республикалық балалар байқауының аудандық кезеңі, 1-орын
3. Шабдарова Куляш, 9-сынып, Республикалық балалар байқауының аудандық кезеңі, сертификат
4. Альдикенова Камила, 6-сынып, «Менің Отаным Қазақстан» атты аудандық көркем оқу байқауы, 2-орын
5. Сартаева Дияра, 6-сынып, Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына арналған Аудандық балалар шығармашылық фестивалінде «Көркем сөз» номинациясы, 3-орын
6. Альдикенова Камила, 6-сынып, Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына арналған Аудандық балалар шығармашылық фестивалінде «Көркем сөз» номинациясы, Алғыс хат
7. Балуюнова Аружан, 11-сынып, Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына арналған Аудандық балалар шығармашылық фестивалінде «Эссе» номинациясы, 1-орын
8. Габдулина Гульназ, 9-сынып, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиада, 3-орын
9. Балуюнова Аружан, 11-сынып, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі, сертификат
10. Төлеген Дархан, 9-сынып, аудандық Абай оқуларында «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты номинациясында, 2 орын
11. Жумасаев Саят, 10-сынып, аудандық Абай оқуларында «Ұлылар әлемі» атты номинациясы, 1-орын
12. Жумасаев Саят, 10-сынып, облыстық Абай оқуларында «Ұлылар әлемі» атты номинациясы, 3-орын

Облыстық деңгей:

1. Жумасаев Саят, 10-сынып, облыстық Абай оқуларында «Ұлылар әлемі» атты номинациясы, 3-орын
2. Шабдарова Куляш, 9-сынып, Республикалық балалар байқауының облыстық кезеңі, сертификат

2023-2024 оқу жылы:

Осы оқу жылында таңдау курстары мен факультатив сабақтары ((Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16 қыркүйек 2022 жылғы №399 бұйрығына, 21 қараша 2022 жылғы №467 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БҒМ 5 шілде 2023 жылғы №199 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылған.

Осы оқу жылында Үлгілік оқу жоспарлары вариативті компонент сағаттарының есебінен ұсынымдарға сәйкес 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» вариативті курстары(5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағат, 9-10 сыныптарда аптасына 1сағат) өткізілді.

Аудандық деңгей:

1. Габдулина Гульназ, 10-сынып, Ақын І.Жансүгіровтің 130 жылдығына арналған «Қазақ поэзиясының Құлагері» атты облыстық әдеби-поэтикалық конкурсының аудандық кезеңінде «Ілияс Жансүгіровке арнау» номинациясында 2-орын
2. Сартаева Дияра, 7-сынып, «Зерде» Республикалық байқаудың аудандық кезеңі, 3-орын
3. Мухтарова Гульнара, 6-сынып, «Отбасы – бақыт мекені» Республикалық байқаудың аудандық кезеңінің видеоролик байқауы, 3-орын
4. Альдикенова Камила, 7-сынып, «Моя инициатива – моей Родине» Республикалық байқаудың аудандық кезеңінің шығармашылық байқауы, 3-орын
5. Сеитов Касымжомарт, 9-сынып, «Моя инициатива – моей Родине» Республикалық байқаудың аудандық кезеңінің шығармашылық байқауы, 3-орын
6. Сартаева Дияра, 7-сынып, «Мағжан оқулары» аудандық ғылыми-шығармашылық конкурсы, 1-орын
7. Ешетаев Алмат, 10-сынып, «Жарқын болашақ» олимпиадасының «Сөз шеберлері» номинациясы, 2-орын
8. Жумасаев Саят, 11-сынып, аудандық Мағжан оқуларының «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» бағытында, 1-орын
9. Габдулина Гульназ, 10-сынып, «Жарқын болашақ» олимпиадасының «Білгірлер сайысы» номинациясы, 1-орын
10. Альдикенова Камила, 7-сынып, «Ыбырай оқулары» байқауының аудандық кезеңі, 1-орын

